

Өзбекстан Республикасы Халыққа Білім беру Уәзірлігі

Әжініяз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің

5 курс студенті

(Сыртқы бөлім)

Сұлтанова Шынардың бітіру мамандық жұмысы.

Тақырып: «Оянған өлке» романындағы өмір материалдары және оның көркемдік шешімі.

Ғылыми жетекші:

Ф.ғ.д. проф. К. Алламбергенов.

Оқытушы:

Т.Төрткүлбаева

Кафедра меңгерушісі:

доц.И.Дильманов

Н ө к і с -- 2008

Қорғауға ұсынылды

«_____» _____ 2008 жыл

Сыртқы бөлім оқу істері

бастығының орынбасары: _____ доц. У.Сейтжанова

Кафедра меңгерушісі: _____ доц. И.Дильманов

Ғылыми жетекші: _____ проф. К.Алламбергенов

Оқытушы: _____ Т.Төрткүлбаева

Сұлтанова Шынардың «Оянған өлке романындағы өмір материалдары және оның көркемдік шешімі» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация қарарымен

_____ _____ Ө қойылсын.

«_____» _____ 2008 жыл.

МАК бастығы:

ф.э.к. М..Қалендеров.

МАК бастығы орынбасары:

доц. У.Сейтжанова

МАК мүшелері:

доц. И.Дильманов

ф.ғ.к. Ш.Құдиярова,

аға оқыт. Г.Мамбеткаримов

оқытушы Құттымұратова

оқытушы Бекниязов

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты

Кафедра: Қазақ тілі және әдебиеті

Студент: Ш.Сұлтанова

Ғылыми басшы: проф. К.Алламбергенов

асс. Т.Төрткүлбаева

Бөлім: сыртқы

Оқу жылы: 2007-2008ж.

Бітіру мамандық жұмысының тақырыбы:

«Оянған өлке» романындағы өмір материалдары және оның
көркемдік шешімі»

Автордың аннотациясы

Тақырыптың көкейтестілігі. Қоғамдық ғылымдар арасында әдебиеттің алар орыны ерекше. Дәуірдің тынысы мен келбетін көркем шығармада бедерлеу, сол арқылы оны таныту дәуір талабы. Қазақ жазба әдебиетінде өзіндік биік орнымен танылған Г.Мүсірепов еңбектері қазіргі дербес дәуір көзімен қайта көргенде, олардың шығармаларынан ұлттық тереңдігімізді байқаймыз. Бұл тақырыптың көкейтестілігін танытады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті материалы халқымыздың ояну дәуіріндегі ұлттық санасының қалыптасуын айқындауға бет алған кезін танытады. Міне мұны айқындағаннан соң, ақын-жазушылардың шығармаларын дербестік күйінде талдау объектіміз міндеті болмақ.

Зерттеу объектісі мен предметі. Г.Мүсірепов шығармаларының әлеуметтік өмірге қатынасын сараптау, қазіргі әдебиеттану ғылымы

негізінде егемендік дәуірімен анықтау, сол арқылы қазақ даласының көл-көсір байлығы жат қолына өтудегі тарихи шындықтың бетін ашып көрсету.

Зерттеу әдісі. Тарихи салыстырмалы факттық әдіспен қарастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. XX ғасыр әдебиетін, оның мән-мағынасын әржақты қарастыру әріден басталғаны аян. Дегенмен, қазақ та өз деңгейінде ел болып, өзіндік идеологиясына жеткен кезінде оны жаңаша талдау қажеттігі көрініп отыр. Дербестік көзімен талдау, бағалау жұмыс жаңалығы болмақ.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі жұмыста сақталған. Кіріспе, аннотация, бөлінген тараулар, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер жұмысты ашу үшін қолданғаны айқын. Сондықтан басы артық жұмыс іске тартылынбады.

Жұмыстың практикалық маңызы. Бітіру жұмысының практикалық маңызы мен алға ұсынысы төмендегіше. Біріншіден, аталған жұмыс студенттердің XX ғасыр әдебиетін оқу мен оқыту кезінде қосалқы материал болады. Екіншіден, бағдарламаға кірген әдебиеттер материалын жаңаша талдауға, зерттеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, қазақ әдебиеті материалы даму кезінде тарихи сабақтастық деңгейінде сатылы көтерілген әдебиет екенін танытады.

Қысқасы, XX ғасыр әдебиетінің әлеуметтік өмір даму көрінісі-қазақ халқының өсу, өркендеу жолын айқындайды.

Ғылыми жетекші:

Проф.К. Алламбергенов.

Т.Төрткүлбаева.

Орындаған:

Сұлтанова Ш.

**«Оянған өлке» романындағы өмір материалдары және оның
көркемдік шешімі**

ЖОСПАР:

К і р і с п е

I Тарау. Романдағы өмір материалы және көркем сурет.

II Тарау. Романдағы тарихи дерек пен шындықты
суреттеудегі жазушы шеберлігі

1. Әдебиеттегі өндіріс тақырыбы

2. Оянған өлке байлығының жат қолында болуы және саналы жұмысшы
табының қалыптасуы.

III Тарау. Көркем бейне және кейіпкер прототиптері

Қ о р ы т ы н д ы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

КІРІСПЕ

Көркем өнер – өмір шындығының айнасы. Ал өмір шындығының өзі ұшы-қиыры жоқ мол дүние екендігі белгілі. Әлеуметтік өмір, саясат, халық тұрмысы – бәрі де өмір шындығын танытатын жағдайлар. Жалпы кез-келген көркем туынды осындай өмір дерегінен тамыр тартып, бастау алатындығы анық. Осындай нақтылы өмір құбылыстарының көркем туындыға ұласуына үңілсек, оның өзіндік алуан түрлі жолы болатындығын байқаймыз. Кейбір шығармалардың өмірлік негізі суреткердің өзі күә болған оқиғалардан тұрса, кейде тіпті біреуден естіген әңгіме немесе газет хабарларынан туындап жатады.

Ғалымдық әдебиетіміздің тұғырлы биігінен көрінетін «Абай жолындағы» суреттелген оқиғалар тарихи негіздерге бағытталса, «Адасқандар», «Жұмбақ жалау» романдарына көбіне-көп С.Мұқановтың өзінің көзбен көрген оқиғалары себеп болған. Алайда осы көркем туындының мәні оның шынайы шындыққа негізделуімен ғана бағаланбайтыны да белгілі. Өмірде кездесетін түрлі оқиғалардың түп өзегін белгілеп, одан шығар ойды тұжырымдап көрсету міне көркемдікке қойылар талап. Бұл жерде жазушының айтар ойының ерекше мәні байқалады. Осындай өмір дерегінің жаңаша көзқараспен сұрыпталып, өзіндік көркем мазмұнға ие болу жолдарында қаламгердің өмір талғамы, ой-тұжырымы, суреткерлік шеберлік қырлары, өзіндік тәжірибесі – бәрі ескерілуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, шынайы шындықтың көркем шындыққа айналу процесінің қандай өзіне тән ерекшеліктері дар деген сауалдар туындайды.

Қандай болмасын қаламгер өмір шындығының ішкі сырына терең бойлап игермей, оны шығармасына бірден қолдана бермейді. Белгілі шындық оқиғаларды жазушы шығарма өзегіне енгізбес бұрын оларды жан-жақты зерттеп, өзінің ұшқыр ойымен, шығармашылық қиялымен меңгеріп

көркем өндейді. Ал осындай шығармашылық процесті дөп басып талдау – бір жағы жазушының шығармасына пайдаланған мәлімет көздерін анықтауды, енді бір жағы осы материалдарды қолданудағы автордың суреткерлік дағдысы, шеберлігін баса көрсетумен байланысты. Осы орайда, белгілі жазушы Ғ.Мұстафиннің «... біздің арамызда өмірдің өзі көркем, оны ештеңе қоспай-ақ сол күйінде жазып берші» деушілер де бар. Бұл әдебиет еңбегін тым жеңілге сайғандық. Жазушы фотограф емес, көргенін көрген, білгенін білген қалпында жаза салған, өзінің творчестволық шындығына айналдыру жолында талай өткелдер жатыр ... елегінен өткізбеген жазушы нағыз жазушы емес. Өмір тақырып фактілер қандай қажетті болғанмен, жазушы үшін материал ғана, жақсы материалды олақ қол қор етеді, шебер қол жөндем материалдан бірдеңе шығарады –деуі орынды.

Демек, өмір берегі ешбір өзгеріссіз табиғи түрінде көркем дүниенің оқиғалық желісіне бірден қолдана салмайды екен. Шынайы шындықты суреткер жинақтау, типтендіру тәсілдері арқылы шеберлікпен игеріп, оны көркем шындыққа айналдырады. Көркем шындықтың мәні де осында, яғни өмірді образды түрде бейнелеп, оны озық көзқараспен биік эстетикалық мақсат тұрғысынан терең аша білгендігінде. Өмірдегі бар, бұрыннан белгілі жайттарды тек тізбелемей, олардың мән-мағынасына үңілгенде ғана көркем шығарманың айтар ойы биіктей түседі екен. Мұндай дәрежеде шыәуы үшін жазушы өмірдегі ұқсас құбылыстарды, адам болмысындағы ұқсастықтарды топтап, жинақтап, белгілі бір образ төңірегінде түйістіру мүмкін. Көркем туындының шынайылығын арттыру жолында қаламгер атаулы белгілі бір өмірдегі оқиға, тарихи жағдай тәрізді түрлі дерек көздеріне сүйенуі мүмкін. Бұл көбіне-көп тарихи тақырыпқа арналған шығармаларға тән болып келеді.

Мәселен, М.Әуезов әйгілі «Абай жолын» жазарда романда суреттелер дәуір келбетін танытар түрлі тарихи мәліметтермен таныс болып, Абайдың өміріне байланысты естеліктермен қатар ақынның шығармаларын да өзек еткені белгілі. Ал Л.Н.Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілікті» қолға алу барысында 1112 жылғы тарихи кезеңге қатысты түрлі еңбектер, архивтік жазбалармен қатар, сол кезеңдегі оқиғаларға қатысқан кәуәгерлердің мемуарлық бағыттағы жазбалары және ауызша түрдегі жеткен естеліктерін кеңінен қолданғаны анық. Осындай өмір дерегі мен көркем шындықтың ара қатынасын ашып, суреткердің шығарманы қолға алу барысында қандай мәлімет көздерін, материалдар легін қолданғанын қарастыру – шеберлік сырын ашуға көп көмек берері анық. Себебі, шығармаға негіз болған өмір дерегімен көркем шындықтың ара жігіне жете үңілу – жазушы талантын, оның суреткерлік шеберлігін танытатын әдістердің бірі болып табылмақ. Ғалым Ж.Дәдебаевтың: «Шындығында жазушының өмір материалынан өнер туындысын жасау процесінің басты сатыларын, қиын, нәзік иірімдерін, көпшілікке беймәлім қырларын анықтауға талпынып, оның қайсібір жайларының мәнісін ұққан сайын шығармашылық өердің шын сырларының құпия, жұмбақ сипаты айқындалып, арта түседі...

Жазушының тарихи шындықты сұрыптап, екшеу. Жинақтауының басты ерекшеліктерін анықтау осы бір күрделі, көп сатылы, процестің кейбір ерекшеліктерін анықтау осы бір күрделі, көп сатылы процестің кейбір маңызды негізгі деген қырларын тануға көмектеседі, әрі әдеби шығарманың көркемдік-идеялық бітімін, поэтикалық жүйесін анықтауға жол ашады» – деген пікірінен жазушының тарихи дерек көздерін пайдалану ретін, өмір шындығын тұтастай көркем өнер заңдылығына орай игеру талабын сөз ету шығармашылық процеспен қатар, көркем

туындының көтерер жүгі, идеялық-көркемдік тұтастығын айқындауға дейінұласатындығына көз жеткізуге болады. Енді осы өмірден алынған материалды пайдаланудың өзі әр жазушыда әр түрлі боулын ескерсек, әрбір қаламгердің суреткерлік шеберлігі, тәжірибесі мен табысы өзінше қайталанбас өзіндік ерекшеліктері қалыптасатынын бағамдауға болады. Міне, осы тұрғыдан алғанда Ғ.Мүсіреповтың өзіне тән қаламгерлік шеберлік үлгісі «Оянған өлке» романында қалай көрінеді деген сауалдар төңірегінде талдаулар жүргізіп көрелік.

I Тарау. Романдағы өмір материалы және көркемдік шешімі

«Оянған өлке» роман-диалогиясының оқиғалық арнасы өткен ғасырдағы Орталық Қазақстан өңіріндегі өнеркәсіп орындарының құрылып, орныауы негізінде қалыптасқан қоғамдық жақа қарым-қатынастың көрінісімен байланысты екендігі мәлім. Мұнда суреттелген түрлі әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер сипаты тұтастай алғанда тарихи шындықпен қабысып, астасып жатыр. Олардың ішінде өткен ғасырдағы қазақ ауылы, оның ішкі жағдайы, Қарағанды өңірінің орыс кәсіпкерлерінің иелігіне көшуі, кең өндірісінің жедел қарқынмен дамуы, соның негізінде еңбек адамдарының топтасуы, капиталистердің өзара тартысы.

Рязанов секілді ірі кәсіпкердің күйреуі, оның орнына қазақ жаласына шетелдіктердің келуі, олардың тұсындағы қоғамдық хал-ахуал, Қазан төңкерісінің жеңісі тәрізді халық өмірінде өзіндік орны бар тарихи кезеңдер суреттелген. Ал осындай мол, кесек оқиғаларды дәуір шындығына сай нанымды суреттеу үшін жазушы қандай материалдар легін қолдануы мүмкін? Әрине, ең алдымен жазушы түрлі тарихи дерек көздеріне сүйенері анық. Олардың қатарына архивтік деректе, тарихи еңбектермен бірге ел аузындағы аңыз-әңгімелерді де атауымызға болады. Бұл деректердегі мәліметтердің барлығы дерлік жазушыға өткен ғасырдағы тарихи оқиғалар көрінісін, жалпы сол дәуір, уақыт бейнесін, оның қоғамдық-әлеуметтік сипатын тануына мол мүмкіндік берді. Алайда, аталған мәлімет, материалдарды жазушы тарапынан меңгеру, толық сезіну бір басқа да, оларды шығарманың сюжеттік желісіне тиімді кіріктіре білу

міселенің екінші бір қыры болса керек. Бұл процесс жазушының үлкен шығармашылық өнер, суреткерлік шеберлігі қажет етті.

Осы орайда, Ғ.Мүсіреповтің жиналған материалдарды қолдану ерекшелігі түрлі болып кездесетінін көрсету орынды. Бірде суреткер мәліметтерді еш өзгеріссіз тұтас күйінде, енді бірде шығарма идеясына, кейіпкерлердің көтерер жүгіне қатысты көркемдік қиялға еркіндік береді. Мұны тарихи факт пен оның романдағы көрінісін жеке-дара талдау арқылы көз жеткізуге болады.

Романдағы тарихи шындық деңгейінде нанымды бейнеленген оқиғалардың бірі – Қарағанды өңірінің орыс кәсіпкерлері Ушаков пен Рязановтың иелігіне көшу кезіңі болып табылады. Тарихи деректерге жүгінсек, қазына байлығының мол қорымен атағы жер жарған Қарағанды өлкесі бірнеше белесті бастан өткізген. Осынау мол байлықты алғаш игеру ісі – Н.Ушаковтың есімімен байланысты. Ол Нілді атырабындағы Өспен кенішінің, Қарағанды кең орындарының қазба байлықтарын анықтап, ол жерлерді жалға алу жөнінде шарт жасасқан.

Осындай қазақ жерінің алғаш орыс кәсіпкерлердің қолына көшуі жөніндегі тарихи анық деректер беретін құжат-актілер сақталған. Мәселен, Қарағанды көмір кенішін 1і5у жылы Б.Токтамысов, Өтепұлы Игілік бидің және оның балалары~ Ордабай, Қоғабай, Тәтилердің атынан жасалған келісім шартта жердің құны 250 сомға бағаланып, «кен өндіргенге дейін» деп жалға алынады. Нақты құжаттарда іс мынадай болып келеді: «Сей акт совершил в областном правлении Сибирских киргизов 1і5у года марта 1г дня Акмолинский округ, Инем Тунгатарской волости почетный киргизец Байжуман Токтамышев, по доверенности, данной ему волостным управителем Караке – Алтайской волости Ордабаев Игылыковым и баями: Игылыком Утеповым, Кечубаем и Татием Игылыковым. Совершен акт с

доверенным по золотопромышленности от Петропавловской второй гильдии купца Н.А.Ушакова крестьянином Владимирской губернии помещика князя Долгорукова Степаном Бушуевым в том, что открытый 115у году каменный уголь Акмолинском округе Караке – Алтайской волости при урочище Караганды – басы ..., которое место бай Игылык Утепов и его дети волостной управитель Ордабай, Когабай, Татий Игылыковы уступили Ушакову и компании под фирмой «Рязанова, зотова и Ушакова» наследникам и преемникам этой компании по добровольному согласию в кортомное содержание на посессионном праве ... Буде компания найдет нужным воздвигнуть какие-либо строение и заведение, то им не в коем случае не препятствовать, буде же кто на местность или уступаемую, так и в постройке на ней будет изъявлять претензии, то и должны будут сами решать по своим киргизским обычаем компании Ушакова в разработке препятствий не чинить, а впредь имеет компания на посессионном местностью этой владеть как собственностью и передавать кому за благо признает, им же роду и наследникам их никогда в данное добровольно в кортом место не вступаться до тех пор не выработают каменный уголь и другие благородные металы, впредь имеющие открывать ...»¹.

Көріп отырғанымыздай, бұл құжаттардан өзара келісімге қатысушы орыс кәсіпкерлерімен қатар жергілікті қазақтардың есімдері, жерді жалға беру мерзімі, сондай-ақ жерді иеленушілердің өзіндік талап-шарттарымен таныс бола аламыз. Дәл осындай Нілді атырабындағы өспен кенішін 1152 жылы жер иесі Боздақұлымен «... Акмолинского округа, Инем тунгатарской волости киргизец Далабай Токтамышев, с ведома начальства до доверенности, данного ему киргизцем Карабаксы Боздаковым совершил

¹ Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты 209-қор, 1-тізбе, 175-іс, 42-парық.

сей акт засвидетельствованный в Акмолинском окружном приказе 5-го января 1852 года, совершил сей акт с доверенным по золотопромышленности от Екатеринбургского 2-1 гильдии купца Никона Абрамова Ушакова, крестьянином Владимирской губернии, Вязниковского уезда помещицы княгини Екатерины Долгоруковой Степаном Ивановым Бушуевым в том, что принадлежащие киргизу Карабаксы Боздакову места, состоящие в Акмолинском округе Инем Тунгатарской волости при урочище Нельды ... место которое он, Боздаков уступил ему Ушакову, наследникам и приемникам его впредь до выработки, без всякого стороны его народа препятствия ..., а также и каменноугольные копи, за каковую добровольную их уступку сего места вышесказанное количество со всеми к нему принадлежностями получил он Боздаков от купца Ушакова единовременно и навсегда восемьдесят шесть рублей серебром: и более ни он, ни наследники его требовать не должны, а потому обязывается за себя, род свой и наследников их в уступленное им, Боздаковым, место не вступаться и никому другому в кортом не отдавать и не передавать, во удостоверение того, что жес здесь изъясненное будет со стороны их исполняемо и что место это им напредь сего никому с кортом не отдано ...»² деген ретінде сондай-ақ, Ақбұйрат адырынан ашылған кен көздері туралы 1851 жылы Жуаспай :кіұлы мен оның туыстары Тоғалақ және Ақылмен шарт жасалынған. Енді осы тарихи деректердің романдағы көрінісіне назар аударып көрейікші.

Ең алдымен, аталған келісім шарттардың жазушы алдыңғы Қарағанды, Нілдіге қатысты екеуін ғана қолданғанға ұқсайды. Себебі, үшінші құжаттағы адам аттары романда мүлдем кездеспейді. Сондай-ақ бұл құжаттарда жерді жалға алу мерзімі әр жылғы екендігін ескерсек,

² ҚР ОММ 209-қор, 1-тізбе, 176-іс, 9-10-парақ

жазушы бәрін бір мезгілде өткендей суреттейді. Бұл әрине әр жер, әр кезенді бір атағаннан көрі, осындай әр түрлі мерзімді көрсететін оқиғаларды кіріктіре білген жазушы шеберлігін аңғартса керек. Ал жасалынған келісім шарттар екі жақты болып есептелгенімен мазмұнына үңілсек, олар ең алдымен орыс кәсіпкерлерінің мүддесін қорғағандығы анық байқалады. Оны деректердегі «владеть как собственностью и передавать кому за благо признает, им же роду и наследникам их никогда в данное добровольно в кортом место не вступаться до тех пор, пока не выработают каменный уголь и другие благородные металлы, впредь имеющие открываться» деп жерге иеленуінен аңғару қиын емес. Мұнда жалға алынған жерлерді пайдалану мерзімі нақты белгіленбей, Кен шығып біткенге дейін деп көрсетілген.

Сондай-ақ, жоғарыдағы акт-құжаттарда орыс кәсіпкерлерінің бұл жерлерге қандайда болсын құрылыс салып, өз қажеттілігіне сай қолданылуына қарсылық көрсетпеуін баса көрсетіп, егерде жер туралы кейін дау шығып жатса қазақтар өз арасындағы рулық, тусықандық әдеп-әурыптары бойынша шешуі тиіс делінеді. Актының соңғы жағына қарай бұл кәсіпкерлердің жерді өз меншігіндей қажетіне жаратып, кейін өзгелерге беруіне де мол мүмкіндігі бар деп келтіреді. Бұл енді орыс кәсіпкерлерінің акт құжаттарды алдын-ала дайындап, тек жергілікті қазақтардың келісімін ғана баққандығын байқатады. Жасалған келісім-актының барлығы орын тілінде болғандықтан көбіне тұрғын жұрт оның мазмұнын толық ұғына бермеген. Осындай жергілікті тұрғындардың әлсіз тұстарын жете таныған кәсіпкерлер қазақ жерінің бірден иегері болып шығады.

Жалпы мұндай келеңсіздіктерге жол берілуі – қазақ даласының мол байлығын өз меншігіне толықтай айналдыруды мақсат тұтқан отарлау

саясатының негізгі бағыттарының бірі болғандығын толық аңғаруға болады. Тарихтан белгілі осындай қоғам қарама-қайшылығы шығармада анық сезіледі. Сырттай қарағанда Игілік Ушаковқа жерді оп-оңай саттырып жіберген секілді көрінеді. Бірақ жазушы «Кен шыққан жерлер түгел қазыналық жеп жарияланған патша әмірі болмаса, Игілік бұл Арқаны жанға қиятын ба еді!» деп Игіліктің еркінде еш нәрсе жоғын аңғартады. Капиталистер қызыққан жер қолдан бүгін болмаса ертең кетеді. Соны ұққан Игілік істің мән-жайын ай-шайға қарамастан лезде шешеді. Аталған деректерде жердің атауы, жерді жалға алған, жалға берген адамдар аттары, мерзімдер нақты берілгенмен осы келісім шарттар қалай орындалды, қайда, қалай өткендегі жөнінде анық мәліметтер шамалы. Жазушы қиялы Рязанов Ушаковтарды Қарағанды маңына әкеліп, бар тізгінді Игілікке беріп, соған шештіреді.

Сондай-ақ суреткер осы эпизодта орыс кәсіпкерлеріне Байжан арқылы ағылшындардың шығыс елдеріне жүргізіп отырған саясатының негізгі ерекшеліктері туралы, олардың осындай биліктеріне жергілікті халықтың қарсы күрестері жайында сауалдар қойғызады. Қазақ арасына сіңіп, қазақ болып кеткен Ушаков мұндай сұрақтарға шама-шарқынша жауап беріп, отар елдің бірі :ндістандағы әлеуметтік тұрмыс-жағдайының нашарлығын жан-жақты түсіндіріп әңгімелеп береді.

Осындай бағыттағы әңгімелердің қарапайым халық арасында тәптіштеле әңгімеленуін жақтырмаған Рязанов өз қарсылығын Ушаковқа ашық білдіреді. Ал Ушаков болса өз серіктесіне мұндай қиын жағдайдың кейін өздерінде болмайтынын жергілікті халыққа түсіндіргісі келетінін айтып, өзінің түпкілікті мақсатын аңғартып қалады. Ал шындығында патша өкіметінің қазақ даласына жүргізген билігі әлемдік отарлау саясатымен астасып, ұштас жатқан еді. Соның бір көрінісі осындай

уәсіпкерлердің жерді кен шығып біткенше деп жалға алып, нағыз қожаларындай пайдалануынан байқалғандай. Романда осы жай анық, әрі нанымды суреттелген. Жаңағыдай эпизодтағы оқиғалар бір жағынан отаршыл елдің Ушаков тәріздес капиталистерінің мінез-құлқындағы өзгерістер, нағыз болмыс-бітімін байқатуда қолданғанға ұқсайды. Мұның бәрі шығарманың айтар ойы, идеясын айқындап тұрғандай.

Романның басында-ақ жердің осындай орыс кәсіпкерлерінің қолынан өту рәсімімен қатарластырып, екі бай Жұман мен Игіліктің арасындағы дау-жанжал суреттелген. Қазақ даласында дер үшін, жайылым үшін түрлі тартыс, ұрыс-керістердің болып тұрғандығы ақиқат. Мұндай жиі кездесетін сол кезеңге тән шындықты суреттеуде жазушы көбіне ел аузындағы аңыз-әңгімелерге жүгінген.

“Мүсірепов романды жазар алдында Қарағанды өңіріне арнайы сапар шегіп, осындай түрлі ел аузындағы аңыз-әңгімелермен танысқандығы белгілі болды десек, жазушының жазбаларының арасында дәл осы оқиғаға қатысты мынадай жолдар кездеседі: «Қарабатыр оқиғаның кезінде болған. Қоғабайдың қызы Күрең баласы Зылиханы алып қашқан Жалмағамбет Қошқарбай баласы, Жұманның немересі. Аяғында буаз Зылиханы Қотаннан кейін алып қашып елге келеді»³. Дәл осы деректі Б.Әбиев еңбегінде: «Жұманның Жалмағанбет деген шөбересі бір жылы күндіз жиырма бес жігітпен келіп, Игіліктің Қоғабай деген баласының ауылын шауып, оның Зылиқа деген қызын алып қашып кеткен»⁴ деп қуаттай түседі.

Демек, деректерді екі байдың арасындағы дау-жанжалдың болғандығы жөніндегі аз ғана болмашы фактіге сүйене отырып, жазушы көркемдік қиял нәтижесінде биіктерге самғаған, осындай талас-тартысқа

³ ҚР ОММ 1864-қор, 463-іс, 30-парақ

⁴ Әбиев Б. Қарағанды Кене. Тарихи очерк. Алматы, 1946.

үлкен әлеуметтік мән бере шебер қиыстырған. Игілік пен Жұманның арасындағы таластың түп төркіні бір қарағанда жер таласына орайласады. Ал анықтап байқасақ, мұның астарында тағы бір қайшылық – ескі менен жаңаның арасындағы бітіспес күрес жатқаны аңғарылады. Он жетә мың жылқысы бар Жұман патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатынан мүлдем бейхабар, оның ойында тек Игілікті жерге қаратып мұқатсам деген ой басым. Ал Игілік болса заман ағымын ерте бажайлап, жердің орыс кәсіпкерлеріне сатылуын өз ыңғайына қарай шешуді көздейді. Бұл жерде оның осы ойлағаны да жүзеге асып, патша өкіметінің заң, қарарлары арқылы Жұманды да ықтырған болады. Байқап қарасақ, жазушы жаңағыдай болмашы деректі романның айтар ойымен сабақтастырып, орынды қиыстыра білген. Бұл енді қаламгердің құрғақ мәліметтерді жанды картинаға ұластыра білген шеберлік қырларымен ұштасса керек.

Демек, жазушы осы бірінші бөлімінде-ақ бірнеше дерек көздерін бірдей пайдалана отырып тұтастыра білген. Бірде жаңағыдай тарихи мәліметті, бірде аңыз-әңгімелердегі болмағы хабар, деректерді қолданған. Осылардың барлығы шығарманың тұтас бітіміне кірігіп кеткені соншалық, тек арнайы осындай деректер арқылы анықтауға ғана болатындай. Бұл енді жазушының өзіндік суреткерлік ерекшелігі ретінде көрінбек.

Сонымен роман оқиғасы екі бай – Жұман мен Игіліктің қонысқа таласынан басталып, Қарағанды көмірінің ашылуымен қатар, оның орыс кәсіпкерлерінің қолына өту мерзімімен байланыстырыла суреттеледі. Әрі қарай оқиға желісі бірден алғашқы мыстың қорытылып алынуы, Орал жұмысшыларының қазақ жеріне алғаш табан тіреуі, олардың қазақ жұмыскер топтарымен бірігіп «Орал-қазақ» ұйымын құруымен жалғасады. Жазушы осындай кезеңдерді суреттеуге хронологиялық тәртіппен уақыттық межелерді жіктемей, бәрін қабаттастыра бейнеледі. Алайда,

тарихи деректерге сүйене отыра, романдағы қамтылған оқиғалар тізбегі 1900 жылдармен байланысты екендігін анық аңғарғандай боламыз.

“Мүсіреповтің өзі осы тұста «Қарағанды мен Спасск кендерінің сатылған кездері, тіпті көмір қазыла бастаған кездің өзі де аз-кем ертерек болғанымен романда алынған дәуір 1901 жылғы реформадан кейінірек басталады», - деп ескерткен болатын. Былай қарағанда, мұндай оқиғаны алға жылдытушылық шығарма бітіміне ешқандай да нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Тарихи деректерге жүгінсек, романдағы суреттелген кезеңге сәйкес келе қоймаса да, «құпия кеңес» туралы шындық дерек шетелдік кәсіпкерлер тұсындағы (1900 ж.) көтеріліске қатысты сақталған құжаттарда кездеседі. Онда: «Сначала составили какую-то записку от имени рабочих «киргизско-русский», а потом написали петицию» деген түрде көрінеді. Бұл жерде ұйымның нақты қашан, қандай мақсатта құрылғандығы жөнінде деректер жоқтығы байқалады.

Алайда өндіріс орындарындағы ауыр жұмыс, тұрмыс жағдайының нашарлығы жұмыскер наразылығын тудырған тұста осы ұйым жұмысшылардың әлеуметтік-саяси мүдделерін бірігіп қорғаудың алғашқы қадамы болғандығын анық бағамдауға болады. Ал енді нақты өндіріс орындарының Рязановтар иелігінде болған тұста мұндай ұйым туа қоймаса да, еңбекші қауымның бірлесе жаппай жұмысқа шықпастан, завод иелеріне өз талаптарын қоя білгендігі тарихи деректерден жақсы таныс. Жұмыс уақытын қысқарту, тағы да басқа көптеген өзіндік шарттарын қоюмен 1901 жылы Қарағанды көмір кенішінде уи, Спасск заводында іе адам жұмысқа шықпай қойған болатын. Дәл осындай басқөтерулер кейінірек 1900 жылдары өндіріс иелерінің жұмыскерлерді отынмен қамтамасыз етпегендіктен туындап жаты. Енді осы тарихи деректердің романның

бірінші кітабында суреттелуіне тоқталсақ, шығарманың идеялық мазмұнына орай тым көтере суреттелгенін топшылауға болады.

Жазушы осындай ірі саяси қозғалыстардың бастауы Байжанның үйінде Екатерина Андреевна, Андрей Быков, Шило қарт, Бұланбай, Алшағырлардың бастамасымен құрылған кеңестің құрылуында деп көрсетеді. Алғашқыда ауасы таза, іші кең әрі жылы орын ретінде бас сұғып, әңгіме айтып тарасатын жұмыскерлер кейінірек осы жиынға үлкен мән беріп, ұйым құру дәрежесіне дейін көтерілуі шындығында көңілге қонымсыздау көрінеді. Романның осы бір тұсын кезінде сыншылар қауымы орынды көрсеткен болатын. Қарағандыда құпия «кеңес» құрылуы да көңілдегідей дәлелденбеген. Мұндай ұйымның дәл сол кезде құрыла қоюы тарихи шындыққа қаншалықты сиымды етпегеннің өзінде көркемдік сенімділігі жетіспейтіні дәлелдеуді керек қылмайды. Расында Байжанның ауыз үйінде орыс, қазақ жұмысшыларының табыса қоюы, ұйым құру дәрежесіне жете қоюы тез-ақ және оңай-ақ көрінеді, - деген белгілі сыншы М.Қаратаев пікір орынды. Дәл осы тұста жазушы шығарманың әлеуметтік астарын қалыңдату мақсатында көркемдік қиялға еркіндік беріңкіреген. Әрине, айтар ойына қатысты жазушының тарихи деректі мерзімімен сәл бұрын суреттеуінде былай қарасақ, пәлендей ештеңе жоқ секілді.

Дегенмен жазушының айтар ойы, шығарманың көркем идеясының өзі шынайы шындықтан алшақтап кетпегенін ескерсек, көркем шығармаға арқу болар өмір дерегінің де өзіндік болмысы, өзіндік сипатын толығымен сақтау қажеттілігіне көз жеткізуге болады.

Роман-диалогияның бірінші кітабындағы бұл олқылықтың орнын жазушы «Жат қолында» романында толтырды. Алдыңғы бөлімде сөз етілетін «құпия ұйым» туралы ой осы екінші кітапта өз жалғасын тапты. Мұнда ол ұйымның түрлі әлеуметтік мәселелерге белсене араласуы

тарихтан белгілі көтеріліспен қатар суреттеледі. Бұл әрине тарихи дәлдікті сақтаған шығарманың реалистік қуатын байқатады. Жазушы осы тұста романның деректілік арнасын кеңейту мақсатында осы көтеріліске қатысқан жұмысшылардың өндіріс иелеріне бірігіп жазған петициясындағы талап-міндеттерді де шеберлікпен қодана білген.

Тарихи деректерге жүгінсек, осы петицияда жұмысшылар өздерінің еңбек ақыларын өсіру, дүкендегі сатылар заттар бағасын төмендету, жұмысқа киер арнайы киіммен қамтамасыз ету, тұратын барақтарын жөнге келтіру, балаларына арнап мектеп аштыру жөніндегі ұсыныстарының барлығы пункттермен белгіленіп, жіктелініп көрсетілген. Мұның барлығы өндіріс орындарындағы жұмысшылардың әлеуметтік өмірінің шетелдіктер тұсында бұрынғыдан да қиындай түскенін байқатады. Пайда табу мақсатын көздеген өнжіріс басшылары қол астындағы жұмысшылардың қажеттіліктерінің бәрін бірдей өтей бермеген. Қарапайым еңбеккерлерге қатысты қаражатты үнемдеген кәсіпорын иелері олардың тегін жұмыс күшін өз пайдаларына шешуі арқылы мол байлыққа қол жеткізді. Кен өндіру ісінде жұмыстың ауыртпалығы, тұрғын жердің қолайсыздығы, завод дүкендеріндегі азық-түлік, күнделікті өмірге пайдалы бұйымдардың тапшылығы, жалпы жұмыс істеуге қажетті шарттардың орындалмауының барлығы келіп жұмыскер топтарының наразылығын тудырды. Қарағанды, Нілді, Өспен кеніштеріндегі осындай наразылықтан туындаған толқуларда жұмысшылар жаңағыдай петицияда көрсетілген талаптарды қоя білді. Осы аталған тілек-міндеттердің барлығы дерлік романда жіктелініп, жұмысшылардың сөзі ретінде өзіндік көркемдік бейнелеуін тапқан.

Жазушы «Шахтерлер көп күттірген жоқ, үшеуі орыс, екеуі қазақ бесеуі келіпті» Дей келе жұмысшылардың кәсіпорын иелерінің бірі Фелльман болған келіссөздерін нанымды суреттейді. Деректерге жүгінсек:

«Депутация переговорившейся с г.Фелль состоялся из следующих лиц: меня бурильщица С.Невзорова, рабочего Мартылого и киргиза Искака Кошкабаева» деп келеді. Бұл жерде келіссөздердің қалай өткендігі жөнінде ешбір мәліметті кездестіре алмаймыз. Жазушы халық толқуларының басында болған орыс жұмысшыларымен қатар Тұрысбек деген қазақ жігітінің есімін атап, көпшілік атынан сонны сөйлетеді. Мұнда қаламгердің енді қазақ еңбеккерлерінің осындай халық өміріндегі саяси ірі оқиғаларға қатысып қана қоймай, белсенділік танытқанын көрсетуді көздегені аңғарылады.

Тарихи деректерде бұқара наразылығынан қаймыққан шетелдік кәсіпкерлер айтылған талаптарды орындауға мәжбүр болғандығы айтылады. Жұмыскерлерге арналған тұрғын қазармаларға жөндеу жұмыстарын жүргізу, олардың балаларына Өспен кенішінде арнаулы мектептер ашу және тағы да басқа көптеген сұраныстарының жүзеге асатындығына өндіріс басшыларының бірі Нельсон Фелль өз атынан уәде берген. Шындығында жұмыскерлердің көрсеткен талаптары бойынша дүкендегі қажетті тауарлардың бағасының қысбаттығына көздері жеткен завод бачшылары ондағы зат бағасы кәсіпорын тарапынан белгіленіп, жұмыскерлерге бұрынғыдай қайшылықтар болмайтындығына сендіреді. Жіктіленіп көрсетілген басқа тілектерін орындауға бет бұрғанымен, өндіріс иелері петицияны соңғы шартының орынсыз екендігін айтып, оны орындаудан бас тартады. Жұмыскерлердің қойған бұл талаптары фельдшер Костенко, конторщик Ивченконы жұмыстан шығару жайында болатын. Басында потенцияна жазып, осы ереуілді ұйымдастыруға ұйытқы болған Топорин мен невзоров өздері жазған қағазға қол қоймағандықтан жаңағы екеуін жұмыстан шығаруды сұраған екен. Бірақ кәсіпорын басшылары

мұндай талаптарды орындауға ешқандай негіз жоқ деген жоқ деген қорытындыға келген.

Романда жазушы осы айтылған талап-тілектердің орындалу барысының барлығын дерлік тарихи дәлдікпен суреттеген. Жаңағыдай петицияна жазып, өз талаптарын орындамайынша жұмысқа шықпай қарсылық білдіріп, өзара ұйымдасуы, олардың айтқан тілектерінің барлығын дерлік Фелльдің орындауға уәде беруінің көркем бейнеленуі шындық дерекке сәйкес келеді. Жазушы бірақ жаңағыдай жұмыскерлердің соңғы тілектері орындалып, Костенко, Ивченколар қуылады деп көрсетеді.

Мұнда жазушы жұмыскерлердің бар талап-тілектерінің орындалуын баса көрсетуі әрине олардың басымдығын байқатқысы келген. Жаңағыдай тарихи деректер көрсеткендей, түрлі тілектерін орындаған кәсіпорын иелері жұмысшы қауымының осындай болмашы талабын ескеруі де жөн болар деген жазушы мақсаты айқын аңғарылады.

Қаламгердің дәл осылай көркемдік қиялға бой алдыруы былай қарсақ, тарихи деректен көп алшақтап кетпейді екен. Жұмыскерлердің топталып, қарсылық көрсетуінен кәдімгідей қаймыққан олардың айтқанын орындамасқа амалы жоқ. Қаншама азап, мехнат көрген еңбеккерлер міне осылай өз мүдделерін бірігіп қорғай білген. Романда бұл дерек өз шынайылығымен суреттелгеніне көз жеткізуге болады. Демек, бұлардың барлығы дерлік жазушының жиналған материалды елеп-екшеу кезінде тарихи дерекке зор жауапкершілікпен қарағандығын байқатады.

II ТАРАУ. РОМАНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕК ПЕН ШЫНДЫҚТЫ СУРЕТТЕУДЕГІ ЖАЗУШЫ ШЕБЕРЛІГІ

Шығарманың реалистик қуатын арттыруда суреткер болмашы фактілердің өзіне дейін үлкен мән берген. Бұған бір мысал «Жат қолындағы» Күреңкөз қожа өліміне өздерін қатысымыз бар деп ұққан шетелдіктер атынан адвокат Степановтың акт жазуы. Бұл Кен өндіру ісіндегі тәртіп бойынша жұмыста жүріп қаза болған жұмыскерге айып-пұл төленетін шарттарымен баланысты жүргізген болатын. Ал Күреңкөз қожа өндірістің бас имамы ретінде танылғандықтан оған төленер төлем қарапайым жұмысшыдан артық екенін ескерген адвокат шетелдік кәсіркепкерлермен ақылдаса отыра, қожаның баласы Кенжеғараның өзіне айып-мұлдың көлемін көрсетуді сұрайды. Бірақ Кенжеғара бұлардың бәренен бас тартады. Мұрағат деректерінде дәл осындай төлем жайында болмаса да өндірісте кен шығару кезінде жұмыскерлердің түрлі апаттан сақтандыру туралы түрлі пункттерден тұратын ереже-шарттар кездеседі. Онда мыс қорыту кезінде жұмысшылар жарылыс болмырмауды қатты қадағалауы, өздері балқытылған мысқа күйіп қалмауы жайында бірнеше ережелері көрсетілген. Жазушының жаңағыдай заводтың ішкі тәртібі бойынша төлем туралы сөз қозғауы да осындай деректегі сүйенуі әбден мүмкін. Бұл енді жазушының тарихи дерекке аса жауапты қарағандығын байқатады.

Осы тарихи дерек пен көркем шындық арасындағы арақатынасты ескерсек, фактінің бастапқы күйде берілмейтіндігі белгілі. Бұдан оның көркем өнер заңдылықтарына орай, жаңа түр, өзіндік сонны мазмұнға ие болғандығы анық. “Мүсірепов те тарихи деректерді құр тізбелемей,

оларды оқиғаның мәні мен мағынасын айқын көрсетуге, кейіпкерлердің характерін ашуда, жалпы дәуір тұлғасын шынайы суреттеуде шығармашылықпен игерген. Романның екінші кітабында ірі кәсіпкер Рязановтың дүниеден өтуі, оның артында қалған мұрагерлері арасындағы таласты суреттейтін тұста шындық пен көркемдіктің жігіт білдірмей қабыстыра білген қаламгер қуатын анық аңғарамыз. Бұл жазушының тарихи мәліметті, өмір материалын қолдану мәнерін толық аңғару үшін тарихи дерек пен оның романдағы көрінісін салыстырып көрелік:

«... путем последовательного перехода по наследству и согласно объявления Томского Горного Управления от 11 февраля 1806 г. За №100е, перечислены во владение наше, Рязановых и Козициной в следующих частях: Александры Григорьевны Рязановой в 1/2 части, Елизаветы Петровной Рязановой в 1/2 части, Григовья Ивановича Рязанова в 1/12 частях, Ольги и Валентины Ивановны Козициной в 1/1у части каждой».

«... Рязановты жерлеп қайтқаннан кейін оның алтын темекі сауыты жоғалып кетіп еді. Керім басы содан бастап кетті. Осы күні бес әйел, бір еркек күнде керісу үстінде. Мұрагерлердің еншілері бәріне бірдей бөлінген жоқ. Кім қанша қосар қосып отырды, қай өндірісіне кімнің еңбегі көбірек сінді. Тағы да толып жатқан ағалық, аналық тусыты жақтары да ескеріліп, мұрагерлердің еншілері мынадай мөлшерде бөлінетін болды. Александра Григорьеваға қас жартысы 1/2, Елизавета Петровна 1/4, Валентина, Анна Ивановалардың әрқайсына 1/1у».

Бұдан, “Мүсіреповтің дерек көздеріндегі мәліметке көп мән бергендігін аңғару қиын емес. Дегенмен, аталған мәліметте мұрагерлер арасындағы өзара тартыс, таласты білдірер бірде-бір нышан білінбейді. Жазушының суреткерлік шеберлігінің бір қыры болса керек, ол өзі суреттеп отырған заман келбетіне, адам характеріне сай болуы тиіс деп

тапқан шындықты көркемдік қыял нәтижесінде әрі шебер, әрі сенімді суреттей білген. Яғни деректегі фактіні өзгертпестен, оны психологиялық сипаттағы көркем детальдармен толықтырған. Бұл тәсіл арқылы суреткер кезінде одақтастарын жерге қаратып, бар байлыққа бір өзі иеленген Рязановтай дүниеқор әкенің артында бір де бір сенімді мұрагер қалмағандығын, таза еңбекпен, маңдай термен емес, осындай обырлықпен келген дөниенің соңында қашанда бітіспес дау жататындығын шынайы бейнелеуге ұмтылған. Мұның бәрі сайып келгенде, суреткердің тарих бетіндегі құрғақ хабарларды мұқият зерттей отыра, әр алуан тәсілдер арқылы көркем байыта, оларды жанды картиналарға айналдырылғанын дәлелдей түседі.

Романның сюжеттік желісінде осындай тарихи кезеңнің шынайы болмысын танытарлық мысалдар жеткілікті. Бұлардың барлығы да әрине жазушының тарихи оқиғаны нақты, кеңірек суреттеуге ұмтылғанын байқатады. Қаламгердің осы бір ерекшелігі сондай-ақ романдағы кездесетін жер атауларының дәлме-дәл тарихи шындыққа сәйкес келуінен де аңғарылады. Бұған Қарағандыдан бастап, Ақбұйрат, Көкөзек, Байдаулет, Нілді деген атауларымен қатар Көкөзек тәрізді өзен-су атаулары бәрі де өз аттарымен берілгендігі дәлел бола алады. Енді осы жер атауларыны қатысты энциклопедиялық сөздіктерде берілген анықтамалардың біріне тоқталып көрсек, шындығында осындай жер атауларының кездесетіндігіне көз жеткіземіз. Мәселен, Байдәулет деген жер атауы жайында былай делінеді: «Байдәулет – Спасск заводы поселкесінің оңт.бат 5-у км жерде орналасқан тау. Ең биік жері 115 м, солт.-батыс беткейі тік, құламалы жартасты, оңт.-ыә.беткейі жайпақ тау, Солт.беткейі Көкөзек өзені, оңт.беткейі Бауырөзек ө.бастау алады». Дәл осындай жер атауынан дерек берер мына бір тарихи мәліметке көз жүгіртіп көрейік. «Спасский завод...

основан в 1857 году при урочище Ак-Буюрат-Адыр при впадении речки Кок-Узек в речку Сокур-приток р. Нуры ...». Міне осындай фактілерді жалғастыра беретін болсақ, романдағы барлық жер атауларының ойдан шығарылмағандығына куә бола дедік. Осындай деректерде Қарағандыдағы көмір кені мен Спасск заводының арақашықтығы қырық шақырым деп көрсетілген болатын. Романда тіпті осы нақтылыққа дейін сақталған екен. Шығарманың деректілік арнасын арттыруда мұның бәрі де жазушының өзіндік реалистік әдістері болып табылмақ.

Осындай мақсатта жазушы өткен ғасырдағы Қарағанды өнеркісіп орталықтары өмірінен хабардар ететін бірнеше фотосуреттерді романда пайдаланған. Спасск заводының жалпы көрінісі, ондағы жұмыскерлердің жұмыс істеу кезіндегі келбетін, кен тасыған көліктерді бейнелеген төрт бес суретті көрсетуі шығарманы тарихи шындыққа са құруға ұмтылған жазушы ізденістерін байқатады. Осы тұста “Мүсірепов белгілі жазушы Ә.Әзиевке: «Алдыңғы жылы өзің жіберген, Қарағандының іргесіндегі ескі Спасск заводының төрт-бес суреті тарихи шығарманың арасына енді. Полиграфиялық тәсілмен бермес бұрын, оны көп қайнаттық. Қайнатқанда қазанға салым, балқытқанымыз жоқ. Ретуштап жақсы қағазға көп түсірттім ...» деген болатын. Бұдан жазушының жанағыдай фотосуреттерді белгілі қаламгер Ә.Әзиевтен алғандығы байқалады. Осы суреттерді пайдалануда тарихи романның шынайылығын арттырып, оқырман қауымға суреттеліп отырған дәуірдің шындығы жайынан мол хабар беруді көздеген тәрізді.

Саяси-әлеуметтік негіз қалың шығарманың реалистік арнасын арттыру мақсатында очерктік нақтылыққа толы эпизодтар да аз емес. Солардың бірі Қарағанды кен орындарының шетелдік ағылшын-французлардың қолына өту кезеңін суреттейтін тұста айқын байқалады. Тарихи деректерге сүйенсек, өткен ғасырдағы патшалық Ресейдің заңына

байланысты шетелдіктер байлықтың көзі болып табылатын кен орындарын, жалпы кәсіпорын атаулыны иеленуге ешқандай хуқылары жоқ болатын. Солай бола тұра, қазақ жерінің ерен, мол байлығын қамтып қалу мақсатын көздеген олар түрлі жолдар іздестіреді және сол оңай амалды іздеп табады. Жерді сатпау жөніндегі заңдарды бұздырып, оларды өз мүдделеріне сай өзгерту үлесі Франция Президентінің баласы белгілі кен инженері Эрнст Жан Карноға тиеді. Ол әкесінің II Николай патшамен тәуір қарым-қатынасын, өз беделін пайдаланып 1904 жылы Қарағанды, Соран, Спасск және Өспен өндірісін алғашқыда үш жылға жалға алып, кейінірек 100 мың сомға біржола сатып алады. Жерді сатып алу жайындағы келісім шарттар москвалық дворянин Фон-Штейн арқылы жасалынған болатын. Алғашқыда кен өндірісін жалға алу туралы келісім Павел Федорович Фон-Штейннің атынан жасалса, кейінірек ол К.Э.Жан Карноның адамы Людвиг Федорович Фон-Штейннің қолына өтеді. Дәлірек айтқанда, бұл ағайынды екеуі екі жақтың атынан келісім шартты жүргізушілердің қатарында көрінеді. Тарихи деректерге жүгінсек іс мынадай түрде көрінеді: «Москва 1905 года 15 января мы, нижеподписавшиеся, потомственный дворянин Павел Федорович Фон-Штейн с одной стороны и поверенный господина Клода Эрнста Жана Карно (сына Господина Мари Франсуа Сади Карно, Президента Французской Республики, Гроссмейстере национального Ордена Почетного Легиона, Гражданского Горного Инженера бывшего Депутата, Кавалера Почетного Легиона, командора Ордена Св.Станислава). Присяжный поверенный Людвиг Федорович Фон-Штейн с другой стороны, следали с надпись в том, что из нас я, Павел Федорович Фон Штейн, на основании §21 настоящего договора все свои арендные права по настоящему договору в полном объеме передаю Клоду Эрнсту Жану Карно, а я Людвиг Федорович Фон Штейн как поверенный Клода Эрнста

Жано Карно все арендные права по настоящему договору принимаю на г.Карно, причем г.Карно принимает на себя все без исключения обязательства на настоящему договору потомственный дворянин Павел Федорович Фон-Штейн...». Ал осындай тарихи деректердің романдағы көрінісіне көз салсақ, “Мүсіреповтің осы аталмыш дерек құжаттармен таныстығы бірден байқалады. Себебі, романда осы дерек былай деп берілген: «Барынша сыйлаушы, құрметпен өткен қонақасыдан кейін Карно мырза Кенжеғараны кабинетіне оңаша шақырып әкеліп, бірнеше ресми қағаздар көрсетті: бірінші ағалы-інілі екі Фон-Штейн (Павел, Людвиг) бірі Рязанов мұрагерлердің атынан, бірі Карноның атынан шарт жасасып Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерін бірі сатып алған екен. Жеті жүз жетпіс алты сомға »(61,118). Жазушы мұрағаттық деректегідей ұзақ-сонар баяндауға көшпей,мәліметтің тоқ етері Қарағанды өлкесіндегі өнеркәсіп орындарының кімге,қанша бағаға сатылғандығын нақтылықпен қысқа қайырған. Бұдан тарихи дәлдікті қысқа тұжырыммен тура әрі айқын суреттеуге ұмтылғанын аңғаруға болады.

Суреткер Қарағандының жат қолына өтуі, шетелдіктердің жерге ие болуын көркем бейнелеуде бұл тарихи дәлелдемелермен шектеліп қалмай, келісім-шарттарда кездесетін шетелдіктерге қойылар талаптарды да ұмытпайды. Мұндай міндеттемелер романда «Россияда осыкүні де бар, келешекте болмақ тәртіптерге Карно мырза бағынатын болсын - Шет елдердің адамдары, әсіресе, жебірейілдер келіп жүрмесін (жұмыс басқарушысы, агент, приказчиктер, тағы басқа қызметтер ретінде) - Өндірістер ешкімге сатылмасын » (61,118), -деп келеді.

Бұл айтылғандардан шығар қорытынды Г. Мүсірепов «Оянған өлке» романын жазу барысында көптеген мәлімет көздерін пайдаланғаны белгілі болды. Жазушы тарихи еңбектермен шектелмей, сондай-ақ мұрағаттық

деректер, ел аузындағы аңыз-әңгімелер, өз өмірінің белестері, тіпті күнделігіндегі кейбір жазбаларын да шығармасына арқау еткен екен. Жалпы жазушының өмір материалын қолдану ерекшелігі алуан түрлі екендігін атап өткен жөн. Бірде суреткер деректерді еш өзгеріссіз тұтас күйінде, енді шығарма идеясына, образдар жүйесінің көтерер жүгіне байланысты көркемдік қиялға еркіндік береді. Әсіресе тарихи мәліметтерді пайдалануда жазушының тарихи дерекке деген үлкен жауапкершілігін аңғарамыз. Тарихи деректерді көркем өңдеу автордың алдына қойған мақсатына орай жүзеге асырылады. Мұның бәрі сайып келгенде, Г.Мүсіреповтың өзіне тән суреткерлік шеберлігін, қаламгерлік қуатын айқындай түсетіні анық.

ІІІ ТАРАУ. КӨРКЕМ БЕЙНЕ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР ПРОТОТИПТЕРІ

Кез келген өнер туындысы өмір шындығынан бастау алады десек, көркем прозада осы нақтылы өмір құбылыстары жеке-дара алынбай, кейіпкерлер таадыры, мінез-құлқы, қарым-қатынастары арқылы бейнеленетіндігі белгілі. Әр түрлі кезеңде, сан қилы қоғам шындығының негізінде жазылғанымен, үздік шыққан туындылардың ұзақ уақыт аралығына қарамастан кейінгі ұрпақпен табысып кетуі ондағы адам образының үлкен шеберлікпен суреттелуіне байланысты. Осыдан келіп, көркемдікке қойылатые бір ғана ортақ ерекшелік айқындалады. Бұл шығарманың ең басты құндылығы ретінде танылған адам болмысыз көркемдік әдіс-тәсілдермен қалай ашып көрсете білгендігі болып табылмақ.

С.Мұқановтың «Жазушы тек өмірден көргенін ғана жазбайды ... Ол көрген-білгендерін, фактілер мен адамдарды суреткердің ой-елегінен өткізеді. Өмірден түйгендерін сұрыптайды, оның ең қажеттерін кейіпкердің басына жинақтайды, оны қорытады, жетілдіреді. Сөйтіп, сан-тұлға көркем образ жасап шығарады. Бұл өмірден алған материалына жазушының жанынан қосары болады деген сөз. Суреткердің фантазиясы, талант шеберлігі осында көрінеді», деуі орынды.

Әрине өмірді әр жазушының әр қырынан байқағаны тәрізді жалпы осындай өмір дерегін көркем шығармада қолдануы, прототиптік көркем образға айналдыру ерекшелігі әр түрлі болып келеді. Міне осындай кейіпкер сомдаудағы Ғ.Мүсіреповтың өзіндік тәжірибесіне ден қойсақ,

қаламгердің ешкімге ұқсамас өзіне ғана тән ерекшеліктерінің қалыптасқандығына көз жеткіземіз. Бұл жерде ең алдымен, жазушының өз кейіпкерінің тағдырына қатысты әлеуметтік, кәсіптік жайларды зерттеп, олардың өмір белестерін, іс-әрекеттерін жан-жақты зерттеп, ой елегінен өткізгеніне басты назар аудару қажет.

Осы жайды жазушының өзі: «Спасск заводының құрылған жері Көкөзектің қабағында Ушаков болып тұрдым. Бір өндірістің өзін әр маманжықтың, әркімнің көзімен қарап, сол адамның тілегімен шұғылданбасаң, өндірісті түгел көре алмайды екенсің. Көкөзек ушаков үшін бір тұрғыда, кіреші Ыбырай үшін екінші тұрғыда, жұмысшы үшін үшінші тұрғыда бой көрсетеді екен. Не нәрсені болсын кейіпкердің көзімен қарамасаң, оның орнына өзіңді қоймасаң, көп нәрсе ішін алдырмай кетеді» – деп көрсетеді.

Жазушы кейіпкерлерінің шынайы шығуы үшін, олардың жүрген жерлерін аралап, көзімен көріп жете танысқан екен. Осындай ізденістермен шектелмеген қаламгер кейіпкерлері жөніндегі түрлі тарихи мәліметтерді, қаншама құжатты ақтарған. Мұның бәрі жазушыға кейіпкерлерінің толық характерін беріп, мінез-құлықтарын жан-жақты ашуда көп көмегі болғандығы анық. «Оянған өлке», «Жат қолында» романидикасындағы кейіпкерлер прототиптері туралы сөз болғанда романның тарихи тақырыпқа арналған шығармалардың бірі екендігін ескеруіміз қажет. Себебі, мұндағы кейіпкерлердің көпшілігі шынайы өмірден алынған, яғни романдағы Игілік, Жұман, Байжан, Ушаков, Рязанов, сондай-ақ шетелдік кәсіпкерлердің барлығы дерлік тарихта болған адамлар және олар шығармада өз есімдерімен аталады.

Осындай нақты өмірден алынған тарихи тұлғалардың көркем бейнеге айналу процесіне үңілсек, Ғ.Мүсіреповтің олардың өмір белестерін, іс-

әрекеттерін жан-жақты зерттеп, ой елегінен өткізіп, өзінің идеялық мақсатына сәйкес шығармашылықпен игергендігін аңғарамыз. Бұл тікелей шынайы шындықты жинақтау, типтендіру тәсілдері арқылы меңгерген жазушының шеберлік қырларымен ұштасады.

Осындай Ғ.Мүсіреповтің өзіне тән ерекшелігін, зор суреткерлік шеберлігін таныту үшін біз жазушының романдағы кесек көрінер образдарды қалай сомдағанын талдау арқылы көз жеткізіп көруге болады. Бұл жерде әсіресе, оқшау көрінетін образ – Игілік би есімі ең алдымен ауызға оралады. Себебі роман-дилогияның сюжеттік желісі көбіне-көп осы бейненің төңірегінде көрінетін Игілік шынайы өмірде болған, тарихи тұлғалардың бірі. Оның есімі көбіне бізге Қарағанды өңірін сату жөніндегі мұрағат құжаттарында, тарихи еңбектерде, сондай-ақ аңыз-әңгімелерде де кездеседі.

Ең бірінші тарихи деректерге жүгінсек: «Ақмола округінің приказындағы Игілік Өтеповке берілген мінездемелерде оның 1769 жылы туғаны айтылады. Би өте бай, қайырымды және халқына жақын болған. 1іег жылы Анна лентасына тағылған алтын медальмен және құрметті шекпенмен наградталады. Игілік Өтепов Ақмола прикзының Қосыбай би Бабықовпен бірге көшіп-қонып жүрген. Қыстаулары Қызылтау, Алабаста, жаз жайлаулары Құндызды, Нұра, Есен, Мапақа және Айыржал өзендерінің бойында болған».

Көріп отырғанымыздай, бұл деректерде Игіліктің ел басқарғаны, патша өкіметінің тарапынан түрлі марапаттауларға ие болғаны байқалады. Міне, осындай тарихтан белгілі білікті ел басқарушысы ретінде танылған, патша өкіметі тарапынан биік лауазымға ие болған, ел арасында беделі бар би романда да ірі, кесек тұлғалы болып суреттеледі. Бұдан жазушының тарихи Игіліктен көп алшақтап кетпегенін аңғаруға болады. Романда оның

ірілігінің бір көрінісі қазақ арасында бұрыннан бір салт-дәстүрде енді қалыптаса бастаған капитализмнің өзіндік ерекшеліктерімен ұштастыра білуі ретінде суреттеледі. Осы бір ерекшелігінен болуы керек биге ісі түспейтін жан жоқ, жергілікті қазақтардан бастап, орыс кәсіпкерлеріне дейін Игілікке тиесілі. Осыны білетін әккі би олардың бәрін «ұзын арқан, кең тұсаумен» ұстап, ешқайсысына да ішкі сырын ашып айта бермейді. Игіліктің кесек тұлғасы әсіресе Қарағандының көмірлі аймағын орыс кәсіпкерлеріне саттырған тұста көрінеді. Соншама үлкен мәселені ым-жымын білдіртпей, бір өзі ғана шешуі оның тұлғасын одан әрі ірілендіре түседі. Шын мәнінде мәселе қалай еді? Игіліктің жерді сату ісінде қандай үесі бар? Жерді сату жөніндегі актілерде: «Сей акт совершил в областной правлении Сибирских киргизов 1856 года март 14 дня Акмолинский округ, Инем Тунгатарской волости почетный киргизец Байжуман Тоқтамышев, по доверенности, данного ему волостным управителем Караке-Алтайской волости Ордабаем Игылыковым и баями: Игылыком Утеповым, Кечубаев и Татием Игылыковым» деп келеді. Демек, бұл деректерде Игіліктің аты аталғаны болмаса, тікелей жерді сату ісінде қандай үлесі барлығы жөнінде ешбір мәлімет жоқ. Ал аңыз-әңгімелерде «Қарағандыны Игілік бай өз бетімен сатуға халықтан, сонымен қатар, Жұманның балаларынан қорқып, Тоқтамыстың ұлына саттырған» делінеді. Енді осы белгілі өмір материалдарының романдағы көрінісіне көз салып көрелік. Шынымен-ақ жер сату кезінде куілік етуші ретінде ғана көрінгісі келген Игілік бар істің мән-жайын бір өзі шешеді. Орыс кәсіпкерлерімен келісім-шартты жүргізбестен би жанына Күренкөз қожаны, Жұмабек төре, Боздақ биді ерте ел аралап кетеді. Осы ұзақ жолда Игілік жанындағыларына тіс жарып, еш сырын білдірмесе де, бидің бұл жүрісінің тегін еместігін іштей сезінген әркім өзінше бір олжадан дәмеленеді. Жұрттың тынышын алған бұл бас

қосудың сыры тек Ордабай болыстың үйінде Ушаков және оның Аралдан келген серіктесі Рязановпен болған келісімде шешіледі. «Сата ма, сатпай ма өзі біледі» деп Игілік жердің нағыз иелері ретінде Байжан мен Боздақ биді нұсқап бар тізгінді соларға бергендей болады. Бұл енді бидің көп айлаларының бірі еді, нақты іске келгенде бар мәселені бір өзі шешіп, төрелік айтады. Төңірегіндегілер тек бас шұлғып, би не айтса соны мақұлдаумен шектеледі. Сөйте тұра, сырт көзге бұл жерлерді сатқан Байжан мен Боздақ болып шығады. Бұдан, жазушының Игілік характерін жан-жақты толық таныту мақсатында жаңағыдай дерек көздеріне сүйенгенін анық аңғарамыз.

Әрбір көркем бейнені өзіндік көтерер жүгі бар, дербес әлем де болады. Жазушының дүниеге әкелген осындай образдар жүйесінде автордың өзіндік қолтаңбасы, ой тұжырымы жазуға тиісті. Міне, осы ретте, Ғ.Мүсіреповтің өз кейіпкері Игілікке деген көзқарасы қилы қатпарды тұңғиық. Игіліктің жалпы тұлғасы, бітімінен хабардар ететін портреттік мінездемесін бергенде де, оның ішкі ерекшелігін ашып, мінез-құлқын іс-әрекеттері арқылы танытқанда да суреткер ойын дәл баса тани алмаймыз. Ал жазушының күнделігіндегі «Құнанбай, Абай, Қазыбек, Есеней, Ыбырай, Игілік – қай елде болса да биік дәрежедегі адамдар» деген жолдар автордың кейіпкері жөнінде өте жоғары пікірде болғандығын байқатады.

Тарихтағы осындай биік, кесек көрінетін Игілікті жазушы шынымен-ақ романда қазақтың көп байларынан өзгереді етіп суреттейді. Игіліктің өзіндік ерекшелігі, уақыт бағдарын ерте бағамдап, болжай білгендігінде олып көрінеді. Осы бір өзге қыры Қарағандының жат жерліктердің қолына өту тұсында көрінеді. «Осы араға көшіп келгенде алақандай бұлақтың басын иемдене қояйын деп келгенім жоқ. Иесіз жер деп, өз еркімен әкетпесін деп, иесімін деп, өз қолымнан бермекпін. Ірге таба алмастай етіп

шақтап берем», – деуі оның кісілік әлемінен туындаған ой. Тереңнен толғаған Игілік: «Келген ізімен Ушаков кетер елі де, жіңішке жол көр білтеленіп барып өтіп кетер еді ... Әлде Ақмола, Қояндыға қатынасып тұру үшін сол жіңішке жол өзіне де керек болар ма екен?» Мынау тізіліп тұрған жүк арбаларымен, бүгін келетін пәускелерге жол керек болатын шығар! ... Енді базарсыз күнінде сән қайсы қалған? Жоқ, Ушаков кете берсін, зәндем түбіне кетсін, бірақ жіңішке жол өшпейтін болсын ... Ол жай емес, ақша келетін жол, ақша жолы» – деп туған жерін жат жұрттықтарға қимай тұра, осылардың келетін жолын өзінің қолын ұзартатын, байлыққа қол жеткізетін жол ретінде танығысы келеді. Бұл енді оның бойында сұңғылалықпен қатар, тоңмойындык, есепқорлық, қандай мәселе болсын өз үлесіне шешкенді дұрыс көретін пайдакүнемдігін байқатады. Игіліктің бұл өзгеше қырлары романда әрі жетіле, тереңдей түседі де, оны тіпті өзгеше қырынан танытады. жазушының мұндай көркемдік шешімге келуіне өмір шындығынан бастау алатын деректер негіз болғанға ұқсайды. Себебі Игіліктің «1іеі жылы жазында өздеріне ең жақын Аралбай, Сармантай бірге оңтүстікке үдере көшкенде ол өз жерінде қалып, көшкен рулардың жайлы жерлерін басып алуы» – оның бар болмыс-бітімін ашып бергендей. Бидің көршілес отырған аталас ағайындарының қоныс аударуын құп көріп, жердеріне ие болып қалуы әрине қиын-қыстау кезеңнің ауыртпалығын өзіне икемдей білуі оның шынайы бейнесін нақтырақ көрсете түсетін тұстары.

Міне, осындай ел арасында аңыз ретінде жеткен Игілік туралы мәліметтер жазушыға оны басқаша қырынан аша түсуге мүмкіндік берген тәрізді. Бұлардың барлығы да түрлі деректердегі болмашы құрғақ хабарды, ойдан шығарылған оқиға, детальдарды қосу арқылы көркем байытып,

характер болмысын толық танытуда тиімді қолданған жазушының суреткерлік шеберлігін айқындайды.

Роман-дилогияның бірінші кітабынан бізге дүниеқор, асқан айтакетерлігімен танытылатын Игілікті жазушы «Жат қолында» романында сәл өзгеше сипатта бейнелеуді мақсат тұтса керек. Тұған жердің өзге жат-жұрттықтардың иелігіне көшуі жайында хабар алған Игілік келешекте жерінен айырылған елдің күйі қандай болмақ деп халықпен бірге уайым шегіп, елінің болашағын болжап, түрлі ойға беріледі. Осы жайларды айтқан орыс кәсіпкері Ушаковтың да қолынан келер көмегі шамалы болып, тек оның кен орындарының жат жұрттықтарға сатылатынына сынжылып, бар биліктің қолынан сусып шығып кеткеніне өкінгендей болғанын Игілік сезінеді. Сөйте тұра Игілік Ушаков тәрізді орыс кәсіпкерлерінің бойында өз мүддесімен қатар, қарамағындағы жұрттың тұрмысын жақсартудағы еңбегі де бар еді деп толғанады. Сонымен қатар ол жердің ендігі иесі жат жерліктердің орыс кәсіпкеріндей бола ала ма деген сауалды қоя отыра, түптің түбінүде ен даланың қараусыз жатқан байлығын иемденуге келген кәсіпкердің қай-қайсысы болсын ең алдымен өз мүддесінен әрі аса бермейтінін анық аңғартады.

Осы тұста патша өкіметінің отарлық бағытындағы елдің қолында не билік болсын деп налиды. Қолдан келер дәрменнің жоқтылығын сезіне тұра: «Ертең жат елдің адамдары келіп Қарағанды мен Ақбұйрат, Нілдіні басып алған кезде іс басында Ордабай мен Жұмабек сияқты қорқау қасқырлар қалса елді ел қылмайды, құл қылады» – деп оқыған, әр түрлі жағдайда ысылған жас Кенжеғараны болыс сайлатады. Мұнда да Игіліктің басқа балаларының ішінде ел тізгінін қолына мықтап тұрып ұстай алар Наркөзден Игілікті басқаша қырынан көрсете білген жазушы сонау бірінші кітаптан белгілі кейіпкер табиғатынан айтқып кетпей, бұрынғы

«Игіліктігін»де ұмытпайды. Бұл әсіресе баласы Ордабайдың болыстық орнын пайдаланып, пара алғанына көзі жеткен тұстағы кейіпкер монологынан анық байқалады. Игілік өзі баю жолында арам не адал не сараптамаса да баласының «... пара алатыны бақалшының саудагерлігіндей ұсақтық екеніне намыстанып», «... әкенің абыройы былай тұрсын, өзіне пайда не зиян екенін де білмейді екен-ау», – күйінеді. Көпті көрген ол Ордабайдың болмашыға қызығып, алдын ойламайтын аңғал, епсіздігіне қапаланады. Бұл бұрыннан етене таныс Игіліктің нағыз болмыс-бітімін аңғартқандай. Сонымен қатар романның Сикорский мен Жұмабек төреге жүк таситын кіре, бекеттерін сататын жерлерінде сол баяғы Игілікті танимыз. Сатам ба, сатпаймын ба деп Сикорскийді әбден үздіктіріп, әрең оның дегеніне көнгендей болады. Сикорский бәрін де қолға түсірдім деген оймен кетсе, Игіліктің ішкі есебі өзінде, өндіріс басына жат жұрттықтар келмес бұрын, қалай құтыларға білмей жүрген кіресін өз бағасына сатып үлгіреді. Бұл енді барлық жай-жапсарын білдіртпей өз ойындағыдай іске асыратын баяғы Игілікті еске түсіреді.

Жазушы мұнда бастапқыдағы кейіпкер табиғатынан ауықып кетпей, ішкі қалтарыстарын ақтара, түрлі жағдайлардағы Игіліктің толық келбетін көз алдымызға келтіре суреттейді. Мұның барлығы жазушының Игілікті түрлі іс-әрекет үстінде оның ішкі жан-толғанысын айқын көрсете білген суреткерлік шеберлігін танытады. Осындай қиын-қатпарлы Игілік бейнесіне қатысты Ғ.Мүсіреповтің өзіне тән суреткерлігін сыншылар романның бірінші кітабы басылып шығысымен-ақ жоғары бағалап, орынды пікірлер айтқан.

Ғ.Мүсіреповтің суреткерлік кемелдігін танытқан Игілік оқшау тұрған жоқ, оны толыққанды бейне ретінде көрсететін өз айналасы бар. Жұмансыз Игілікті елестету мүмкін емес. Бұл екеуі де – бір ортаның адамдары. Екеуі

де мыңды айдаған бай, қолдарында билігі бар Қарағанды өңіріне белгілі адамлар. Алайда, алдарына қойған мақсаты жағынан, жалпы болмыс, бітімі жағынан екеуі екі басқа.

Романның басында-ақ ашуға булығып, көрші қонған елді лезде көшіріп жібершекші болатын Жұманмен алғаш танысқаннан-ақ оның ақылдан гөрі, ашуға тізгінді көбірек беріңкірейтін аңғаруға болатын еді. Енді осы Жұманға романда: «Алтай-Қарпыққа мәлім тапал адам. Бірақ денесі төртпақ сом жаралған. Көлденеңі күректей мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай жұп-жуан. Қылтанақ шығып көрмеген қасқа иегінен тағалы ат тайып жығылғандай. салбырай бастаған ұртына дейін табиәи тәртіпті бұзбай-ақ келген бурыл сақал қасқа иектен тайып кеткендей, алқымға барып ұйлығып қалыпты да, сақалдан гөрі ұйысып қалған көк шулан күнге көбірек ұқсап тұрады. Жүзінің басқа мөрі түгел өшуге жақындап, ескі теңгеліктей көмескі тартқан. Бар мінезі көздерін жартысынан асыра жауып алып, енді етегін көтерместей біржола түйілген қабақта ғана қалған сияқты» деп мінездеме беріледі.

Жалпы кейіпкердің мінездеме портреті оның тек сырт пішінін ғана емес, ішкі жан-сарайын байқатары анық. Осы сыртқы келбетінің өзінен Жұманның өзіндік ерекшелігі байқалғандай. Түйілген қабақ, ескі теңгеліктей көмескі тартқан бет-бейнесі ішкі болмыс-бітімін толық аңғартады. Міне осындай мінездемесінен кейін оның өзіндік ерекшеліктері, мінез-құлқы түрлі іс-әрекеттері үстінде толықтырыла түседі. Мұның бәрінде ашушаң, тыз етпе, келте кесім жасайтын аңғырттығы білінеді. Осы алаңғасар адуындық, дызылдақтың негізінде үнемі «кесек асаймын дейді де, қақалып қалып, қайта құсып жүретін» Жұман бейнесі нанымды шыққан. Міне осы жерде Ғабеннің шеберлігін айқындайтын осы кейіпкерінің өмірдегі прототипі кім деген сауалдардың туындауы орынды

Игілік секілді Жұман да өткен ғасырда байлығымен атағы шыққан, өз кезінде беделді, білгір ел басшыларының бірі болған. Оның зор байлығы жөнінде деректер аңыз-әңгімелерде кездеседі: «Жұман ержетіп балалы-шағалы болған кезде жылқы саны он жеті мыңға жетті», - деген секілді ел аузындағы әңгімені Б.Әбиев «Қарағанды кені» деп аталатын тарихи очеркінде де: «Сармантай руынан шыққан он жеті мың мал біткен белгілі бай Жұман», - деп қуаттай түседі.

Ал осы Жұман туралы деректер тек аңыз-әңгімелермен шектермей, тарихи деректер де кездеседі екен. Осы деректерге жүгініп көрсек, тарихта болған Жұманның бет-бейнесін толығымен көз алдымызға елестетуге болады: «Каракесектермен жер дауы жайлы және алтайлықтардың олар барымталап кеткен малын қайтару жөнінде келіссөздер жүргізеді. ... Мойын-Алтай болысының басқарушысы болып сайланған Жұман патша әкімшілігінің ықыласына әлденеше реет ие болған. 1825 жылы ол Қуандық руларының Ресей Омбыға келгенінде аймақ бастығы полковник Бруневский оған старшина лауазымын береді. Оған берілген куілікке «Ресей самодержавиелік тағына шын берілгені, қырғыз-қайсақ халқының қамын жегені үшін» деген сөздер бар. 1828 жылдың наурызындағы Жұманға шекпен жабылады. 1811 жылы старшина Жұман Самантаев капитан дәрежесіне көтеріледі. Бірақ бұл шенді алуға үлгермей, 1834 жылдың басында қайтыс болады». Міне бұл айтылғандардың бәрі дерлік Жұманның өз кезінде беделді би, байыпты саясаткер, білгір ел басшыларының бірі болғандығын дәлелдей түседі. Ел арасындағы дау-дамауға бітім айтар, төрешілдігімен қатар, ол патша өкіметінің түрлі марапаттауларына ие болған екен.

Бізге дейін жеткен ел аузындағы аңызға қарағанда осы Жұманның өз кезінде беделді би, байыпты саясаткер, білгір ел басшыларының бірі

болғандығын дәлелдей түседі. Ел арасындағы дау-дамайға бітім айтар, төрешілдігімен қатар, ол патша өкіметінің түрлі марапаттауларына ие болған екен. Бізге дейін жеткен ел аузындағы аңызға қарағанда осы Жұманның тек бір өзінің ғана емес, артындағы ұрпағының да халық алдында зор абыройы болғанға ұқсайды. Оның ортаншы балас «Тәти ержетіп елді білімділігімен, ақылымен ауызына қаратады. Тәти ойға терең, сөзге шешен, ақылға бай, алдын алыстан болжайтын сұңғыла адам болыпты». Халық қамын күйттеген ер Елене қыс жайлайтын жайлы жер іздеп сонау Қоқан хандығына дейін барған деседі. Ел есінде сақталған аңыз желісінде Тәти осы сапарында шешендігі, білгірлігімен көзге түседі. Қоқан ханының не өтінішің бар деген сауалына «тар қойын, кең етегіңізден орын беріңіз» деп қоныс сұрап, егер жер беріп жатқанның өзінде «үш арыс қазақтың сөз тізгінін өзіне беріңіз» деп ел билігінің өзінде болғандығын қалаған екен. Алғашқыда Тәтидің тұспалмен айтқан тілегін хан орындауға келіскенімен, оның уәзірі бұл қазақтың нені меңгезенін ұғып, оның көзін құртудың амалын іздестіру қажеттігін айтыпты. Ақыр соңында елді жақсылыққа кенелтсем деп армандаған тәти осы жат елде қаза болған деседі. Оның туған жерден жарықта көз жұмарының алдында елге арнап айтқан мына өлеңі сақталған екен:

Жұманның баласы едім Тәти атым,
Шықпаған амағыма жаман атым.
Қазақтың перзенті едім қамын жеген,
Орта жүзде Сармантай бергі затым.
Жатқызбады ар, намыс жүрек тырнап,
Жазу жоқ адамзатқа мәңгі тұрмақ.
Елеем үшін құрбан боп кеткенімді,
Санасы бар түсінер кейінгі ұрпақ.

Іздегенім еркіндігі ел үшін,
:ш арысқа шалқып көшер жер үшін,
Аңғал басым айла сөзге алдандым,
Осымен бете менің бар ісім.
Бас ескі еді елімнің аңсағаным,
Сарыарқа туып өскен алтын тағым.
Ерік алып өз алдына ел болғанын,
Көтерер ұрпақ жарқырап атқан таңын.
Ел басшысы сіздерге айттым арнап,
Қамаған жау айналаң, басы қалмақ.
Ала болсаң, жауыңа жжем боларсың,
Әрқайсыңды әр жерде жұтар жалмап⁵.

Міне бұл өлең жолдары Жұман баласы тәтидің елдің қамын ойлаған білікті ел басшысы болғандығын дәлелдей түседі. Сондай-ақ Тәтидің ел алдындағы зор екпін, беделін оның көз жұмғаннан кейін, артынан шығарған жоқтау дастанда да аның аңғарылады:

Қара бір таудың жылғасы,
Халыққа болған тұлғасы.
Қуандықтың шөпшегі,
Алтыннан салған сырғасы.
Алаштан суық сөз келсе,
Алдында жүрер қолбасы.
Қара бір таудың өлкесі,
Еш бар ма еді жазығы.
?тымды сөзбен жеңген соң,
Қоқанның қалша немесі.

⁵ Назарұлы М. Қыдыр ата жебеген //Орталық Қазақстан. 1992, 13-тамыз.

Қасақы қалша немесі,
Алмай ақыл кеңесті.
Тас кесер есіл болаттың,
:зген морт жебесін.
Алтай Қарпық еркесі.
Жарлығы жалған болмаған,
Хан-қараның серкесі.
Жақсыдан қалған көз еді,
Айғыр бір қуған құлындай,
Адам ұлын жақтаған,
Әділдікке салғанда,
Кәпір-қазақ мақтаған.
Құрама жиып ел қылып,
Қосын таза сақтаған ...
Әділдікке салғанда,
«Барсакелмес мұхиттың»
Мініп бір кете-ау кемесін.
Сарғайғанмен өлмек жоқ,
Уайымнан өнбек жоқ,
Тоқтатайын сөзімді
Жоқтаусыз қалды деменіз,
Тәтидей асыл дананы
Болады өлген адам көзден тас
Өлді деп оны ешкім оны ойламаса,
Жақсының өзі өлсе де, аты өлмейді,
Ескеріп кейінгілер ұмытпаса.

«Аңыз анасы – шындық» демекші Тәтиге қатысты жаңағыдай әңгімелердің желісі, сондай-ақ, осындай өлең жолдары Жұманның өзі ғана емес, оның ұрпағының да зор айбынды, халықтың қалаулы азаматтары болғандығын байқатады. Енді осындай зор мәртебеге ие болған осы Жұманның романдағы бейнесіне үңілсек, оның дүниеқор, күйгелек, ызақор күйі көз алдымызға келеді. Әрине, бұдан қаламгердің аталған деректермен таныс болмады деген ой тумауы қажет. Жазушының романды қолға алу барысында түрлі материалдарды жан-жақты зерттегенін, аңыз-әңгімелерден хабардар болғанын ескерсек, кесек тұлғалы Жұман жөніндегі мәліметтермен таныс болуы әбден мүмкін деген қорытындыға келуге болады. Мұны жазушының мына жазбалары анықтай түседі: «Алшағыр батыр Сармантайдың керісі кезінде болады. Татимен Берге Қорғанға барады». Осындағы жазушы көрсеткен Тәти жоғарыдағы келтірілген деректерге сәйкес келеді. Міне осындай мәліметтермен таныс бола тұра суреткер бұл жерде прототип өмірінің бүге-шігесіне дейін камтуды көздемей, олардан өзі айтар негізгі ойына қажетті ең басты белгілерін таңдап алғандығы байқалады. Жұманның бай-дәулетті болғандығы, ел билеу ісіне араласқандығы сол күйі алынып, осыған орай оның бойына түрлі іс-әрекеттерді ойдан қосу арқылы өзі суреттеп отырған дәуірдің әлеуметтің тұрмыс жағдайына байланысты шындықты беруді көздеген. Бұл жазушының тірек бейне-прототип өміріне қатысты кейбір деректерді көздеген мақсатына са өзгертуге, өзіндік тұрғыдан ойдан қосуына болатын көркем өнер заңдылықтарына орай, көркемдік қиялға еркіндік берінкіреген «абеннің суреткерлік шеберлігін дәлелдей түсетін тұстары.

Бұдан жазушының прототипті көркем тұлғаға айналдыруда кейіпкерлерінің даму ерекшелігін көрсетуде, өзінің алдына қойған мақсаты, шығарманың идеялық мазмұнына орай көркемдік қиялға еркіндік

беріңкірегенін аңғаруға болады. Міне осы ретте Жұманның өз прототипінен алшақ суреттелуі қазақ даласында капитализмнің жаңа екпініне ілесе алмағандардың типтік бейнесін беру үшін қажет болғанға ұқсайды. Бұл енді сайып келгенде, шығарманың идеялық мазмұнымен астасып жатқандығын аңғару қиын емес. Екіншіден, дәл осы Жұманның атқарар міндеті, дәрежесіне сәйкес тағы бір бейне Игілікті ескерсек, жазушы қызметі, шені бірдей екі кейіпкерді суреттеп қайталауға ұрынбас, үшін екі түрлі байдың типін беруді көздеген. Жұман бейнесінің дәл осылай сомдалуы сонымен қатар, жазушыға жаңа қарым-қатынас негізінде қалыптасқан Игілік бейнесін толық таныту үшін де қажет болған. Кезінде роман басылып шыққан бойда жазушы осы Жұман образының дәл осылай суреттелуі жайында көптеген оқырмандар: «Жұман Байды үйінде өлтірмей, далада өлтіруіңіздің себебі не? Жаман болса да адамны аты адам әой», - деген сынды сауалдар қойып, хат жазған болатын. Кейіннен осы мазмұндас хаттар лек-легімен түсіп жаты. Мұндай сауалдардан Жұман образының оқырман жүрегіне жол тауып, қаншалықты әсерлі шыққанын бағамдауға болады. Әсіресе оның боранда адасып, мерт болатын тұсы аса қызқылықты, әрі аянышты баяндалған болатын. Шынымен-ақ Жұман образын сомдауда басқа кейіпкерлеріне қарағанда көбіне-көп көркемдік қиялға еркіндік беріңкіреген болатын. Тарихи деректің болмауына карамастан жазушы ұйғарымы логикалық жағынан ұтымды шыққан. І.Омаровтың: «Біздің тарихымызда Игіліктен Жұмандар көп болып келді. Олар ұзақ уақыт өлмей, өшпей, өзі де өспей, абсқаны да өсірмей бақайға оралып келді. Тарихымыздың қысқалығы да сол ащы шындықты ашына жазып, Жұман сияқтыларды аямай-ақ соққан екенсіз», - дегеніндей Жұман сияқтылардың болғанына кім сенбес. Жазушы Жұман типтестердің ішкі болмыс-бітімін ашып қана қоймай, ондайларды өлтіре сынаған. Бұл енді

болмашы дерекке көркем өң бере суреттеген жазушы шеберлігін айқындары анық. Қалай десек те Жұман бейнесі жазушы суреткерлік шеберлігін танытатын үздік шыққан тың образдардың бірі екендігі даусыз.

Қай-қай шығармасын алсақ та, “Мүсіреповтің бір өзгешелігі – әр кейіпкерінің өзіндік ерекшелігін әрдайым шығармасының негізгі нысана, басты айтар ойымен ұштастырып отыратындығы. Жазушының осы бір өзіндік қырын академик С.Қирабаев былай деп көрсеткен болатын: «Адам бейнесін сыртқы портретімен қоса ішкі сырт-сыпатымен тереңдей ашу, психологиялық суреттер молдығы, идея мен образдың айнымас бірлігі - “абит шеберлігін айқын дәлелдейтін нәрселер. “абит шығармаларының идеясы, көбінесе, ол жасаған характерлерден танылады». Жазушы «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-диалогиясындағы кейіпкер сомдауда осы қағидасынан айнымаған тәрізді. Осы ретте І.Омаровтың «Менің ойымша «Оянған өлке» романында мықты бір образ бар. Ол – қоғамдық капитализм образы. Көптеген адам образдары осы заңмен ілгері бара жатқан үлкен образға бағынған», - деген пікірі орынды көрінбек. Шынымен-ақ осы айтылған басты образ – капитализмнің қазақ даласына енуін жазушы кейіпкерлер бейнесін даралап суреттеуде ескергені байқалады. Капиталистік дүниенің қалтарыстарын танытудағы жазушы ізденістері романдағы сахара байлығын түгелдей иемденуге әрекеттенген орыс кәсіпкерлері Ушаков, Рязанов образдары арқылы анық көрінеді.

Ал осындай бұрын-соңды әдебиетімізде кездеспес тың бейне – Ушаковтың есімі көбіне-көп бізге тарихи еңбектер, мұрағат құжаттарынан кеңінен таныс. Осы мәліметтерге жүгінсек, Ушаковтың кім екендігіне, жазушының прототип бойындағы қандай ерекшеліктерді ескеріп, суреттегенін анық аңғаруға болады. Енді осы тарихи деректерге үңілсек, олардың барлығында да Ушаков есімі Сарыарқа өңіріндегі кен орындарын

алғашқы ашушы ретінде танымал. Жалпы саны отызға жуық қорғасын, мыс, күміс, көмір кендері табылған кеніштерді анықтап қана қоймай, ол ашылған жерлерді өз атына жаздырған екен. Ушаковтың кен игеру ісіндегі осындай ізденістері романда «Қызылжар бойы Никон Ушаков қазақ даласын көптен бері көкжал бөрідей кезіп жүрген адам еді. Бар қомағайдың әдетінше көп жортты, көпке кездесті, көпті тапты. Бар байлығы карпусыз, қаймағымен жатқан қазақ даласына қадала бастаған көп көздің алдын орап, Сарыарқаның әр қырқасына бір қазық қағып, көмірді темірге, темірді мысқа, мысты қорғасынға қосақтап, арқандап тастады. Қай қазықтың түбінен алтын шығар, қай жерден мыс сорғалар, әзір оған көзі жете бермейді, әйтеуір иісі білінген кен байлығының жиырмасына таңба бастырып, өз атына бекіттіріп алып, Жезқазған, Нілді, Ақбұйрат, Құлжұмыр, Сасық, Сораң, Қарағанды сияқты кенді шиырларын кесек-кесегімен қылғып келеді», - делініп оның портреттік бейнесін беруде суреткерлікпен тиімді кіріктірілген. Тарихи еңбектерге сүйенсек, өзі тапқан кен байлықтарын жалғыз меңгере алмағандықтан Ушаков 1852 жылы Рязанов, Зотовтармен (кейінірек Севостьянов) бірігіп серіктестік (компания) құрады. Алғашқы кен өндіру ісінде табысқа жете бастаған кезден-ақ пайда табу мақсатында біріккен кәсіпкерлер арасындағы қарым-қатынас бұзыла бастайды. Даудың бас компания құрамындағы ірі кәсіпкер А.Рязановтың 1857 жылы көз жұмып, оның орнына әйелі Рязанова мұрагерлікке ие болған түспен сәйкес келеді. Бар билікті өз қолына түсіру мақсатында Рязанова өндіріс шығынына қажетті төлемдерін беруге шамалары келмеген компания құрамындағы Севостьянов, Зотовтардың жалпы капиталындағы үлестерін сатып ала бастайды. Осыдан бастап Рязанова бар байлыққа бір өзі ие болу жолдарын қарастырып, енді Ушаковты қыспаққа ала бастайды. Бұл жерде Ушаков та құр қарап қалмай,

император Александр Романовтың атына өтініш хат жолдайды. Осы деректерде істің мән-жайы былай беріледі. «1861 г. обладательницею 65 паев, компаньонка Рязанова сама себя признала что она, по большинству паев согласно – изъясненному выше условию 1857 г. иметь при составлении постановлении К-перевуюсь над мнениями прочих компаньонов, и потому с января 1862 г. Рязанова начала распоряжаться всеми операциями по приссикам и по Спасскому заводу так как будто бы она одна только была полноавластного в этом стала грамодном по обращая своим дело хозяйкою, и живя постоянно в Еватеринбурге, на расстоянии от находящегося в Киргизской степи Спасского медаплавильного завода более 1500 верст, и непосящая никогда этого завода, Рязанова обращалась ко мне, Ушакову во всех письменного сношениях не как компаньону и первому учередителю комании, принявшем для осуществления этого дела, прежде всего других сочленов своих, и трудами и собственным своим капиталом, а как обыкновенному управляющему». Бұл фактілер байқағанымыздай әлі жеткенді әлдінің жеңетін капиталистік дүниенің катал қақтығыстарын анық танытады. Міне, осындай нақты тарихи деректердегі кәсіпкерлер арасындағы талас-тартысты жазушы үлкен шеберлікпен суреттеген.

«Оянған өлке», «Жат қолында» роман-дилогиясындағы кейіпкерлердің сомдалу тарихына көз жүгіртсек, бір ерекшелік бірден байқалады. Бұл кейіпкер прототиптерінің тарихта болғанымен, олар жөнінде мәліметтің аз кездесетіндігі. Мәселен, әдеби жұртшылық біраузданы мойындап, бұрын-соңды ұлттық әдебиетімізге болмаған тың бейне ретінде таныған Байжан туралы дерек тек Қарағандыны сату жөніндегі актілерде ғана ұшырасады. Мұнда тек өзінің жағымды қылықтарымен «Байжекең» атанған кейіпкердің есімі ғана кездеседі. Ал

осы мұрағат құжаттарындағы «қаншама цифрлар, даталар анық көрсетілгенімен, ол адам психологиясының документи емес. Аттары ғана қалған адамлардың шын келбетін беру деген қиынның қиыны. Байжанның жазушы сөз еткен түрлі сипаттарының бір де бірі жазбаша маәлұматтарда аталмаған. Бірақ суреткер қазақ халқының озық, сүйікті адамдарына тән сипаттары Байжанның бойына нанымды түрде сыйыстырған. Оралдан келген орыс жұмысшыларына жергілікті қазақтардың жердем етуі, болысуы ақиқат нәрсе. Ол болысушының нақтылы иесі – Байжан болды ма, әлде басқа біреу болды ма – ол мәлімсіз. Алайда, жазушы қазақ мінезіне сыйымды, болуы мүмкін іс-әрекеттерді Байжанның бойына жиып берген. Сондықтан да бір Байжанның басындағы көп жақсылық қазақ адамының өте тартымды адамгершілігін жинақтап сипаттауға мүмкіндік берген», - деп жазған зерттеуші ғалым М.Бекбергеновтің пікірі дәлелді. Шынымен-ақ Байжан бойынан табылар қарапайымдылық, аңғалдық, батылдық әр қазақтың бойынан табылар хақ. Міне осындай өмірде жиі кездесетін мінез-ерекшелік, іс-әрекеттерді жинақтап, бір Байжан бейнесі арқылы толық аша білген зор қаламгерлік қуат, шеберлікті танытты. Дәл осы тәріздес болмашы дерекке үлкен мән бере кейіпкер табиғатын аша түсетін тұстары Боздақ би бейнесіне де құжаттарда бой көрсетеді. Романның басында орыс капиталистеріне жер сататын тұста Нілдінің нағыз иесі болып табылып, Игіліктің жанындағы жандайшаптарының бірі ретінде суреттелетін Боздақ шынайы өмірде болған екен. Оның есімі сондай-ақ ата қоныс мекенінен айырылған жергілікті халықтың мұң-зарын бейнелейтін:

Боздақтың Қарабақсы ел баласы

Ашылды керісінен ел арасы

Төренің сара ала шен меншігіне

Нілдінің айналды әой кең даласы.

Өскен Жан бауырыңда көзі жасты,
Қам көңіл қапаланып қайғы басты.
Қолында қашау, күрек, балғасы бар,
Қопарып құлатады тау мен тасты, -

деген өлең жолдарында кездеседі. Мұндай халық аузындағы өлеңді кезінде Ж.Нұрмағанбетов пен Қ.Мұқышев деген ақындар жазып алған екен. Орталық Қазақстандағы тағы бір ақын Доскей Әлімбаевтың өмірбаянында Жұмабек төреге қатысты бір дерек кездеседі. Онда болашақ ақынның Қарағанды мен Қызылжар арасында кіре тартып жүрген Жұмабекке ілесіп келгендігі жөнінде жазылған. «Жиырма жасында (Доскей ақын И.А.) 1870 жылы Қарағанды-Қызылжар арасында кіре тартып жүрген Жұмабек дегеннің кіресіне ілесіп, Қожаәул бұлағында тұратын, Арқаға даңғы жайылған сал Біржанды іздеп табады». Деректегі кіре тартумен айналысқан Жұмабек романда Ушаковқа қазақ ауылдарынан жұмыскер тауып беретін порядчик қызметін атқарады. Әкелген әр жұмыскер басынан ақша алып құнығып алған төре, кейінірек «Жат қолында» романында Ордабай Сикорскийлермен бірігіп, өндіріске келмеген адамдардың тізімін жасап, мол пайдаға кенелетіндігі белгілі. Міне, жаңағыдай болмашы деректің негізінде, жазушының көркемдік қиялға жетек бергені көрініп тұр. Демек, бұл айтылғандар романның біраз кейіпкерлерінің шынайы өмірден алынғандығын дәлелдесе керек. Алайда байқап отырғанымыздай деректердің тіпті аз кездесетіндігі. Романдағы Байжан, тіпті Боздақ би мен Жұмабек төренің өзі бұрын-соңды қазақ әдебиетінде жасалмаған тың образ дәрежесінде суреттелуі осындай аз ғана дерекке көркем өң бере суреттеген жазушы шеберлегінің дәлелі болса керек.

Бұл айтылғандар Ғ.Мүсіреповтің роман-дилогияда суреттелер кейіпкерлеріне қатысты тарихи еңбектер, мұғағаттың құжаттар, ел есіндегі ауызша тараған әңгімелерді түгелімен таныс болып қоймай, оларды шығармашылықпен игергенін бақатады. Мұнда жазушы осындай өмір дерегін пайдалануға прототип өмірінің бүге-шігесіне дейін қамтуды көздемей, олардан кейіпкер характерін ашады-ау деген тұстарын, сондай-ақ өзінің айтайын, көрсетейін деген негізгі ойына қызмет ете алатын ең басты белгілерін таңдап алады. Осы негіздегі деректерді көркемдік қиялдың күшімен өңдеп, олардың бойына түрлі іс-әрекеттерді өзіндік тұрғыдан ойдан қосу нәтижесінде тың көркем бейнелердің галереясын дүниеге әкелген. Бұл жазушылық шеберлікті дәлелдей түсетін тұстары.

ҚОРЫТЫНДЫ

2002 жылы туғанына жүз жыл толу мерейтойы әлемдік сипатта аталып өткен қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығы жайында осы кезге дейін аз айтылған жоқ. Бұдан әрине жазушының әдеби мол мұрасы түбегейлі зерттелді, әдебиет әлеміндегі үлесі анықталды деген ой тумасқа керек. Керісінше, Ғабендей зерлі сөздің зергерінің салған соқпақ жолын, шығармашылық өнерін жан-жақты меңгеру әлі де болса сөз болары анық десек артық айтқандық болмас.

Жалпы жазушының әдеби мол мұрасының ішінде «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-дилогиясының алар орны ерекше екендігі анық. Осындай ұлттық әдебиетіміздің көркемдік деңгейінің биігін танытқан үздік туынды ретінде бағаланған роман-дилогия Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық ізденіс, мол еңбегінің нәтижесі болып табылмақ.

Бұған дәлел ретінде жазушының романға кіріспес бұрын болашақ жазар шығармасының көтерер мәселесіне, кейіпкерлер таадырына қатысты түрлі тарихи деректермен танысып, әр алуан бағытта әзірліктер жүргізуі дәлел бола алады. Шығармада суреттелетін дәуір шындығын, сол кезеңнің әлеуметтік сипатын анықтап алуды жөн көрген суреткер Қарағанды кен ошағының тарихы, жалпы өндіріс саласы жайындағы арнаулы еңбектерді оқып зерттеп, олардан шығармаға қажет болар-ау деген тұстарын қысқаша коспектілеген.

Сондай-ақ, жазушы өндіріс орындарын көзімен көріп, тарихи оқиға болған жерлерді аралаған. Міне осындай болашақ жазылар шығармасына зор дайындықпен келген жазушы романды қолға алу барысында осы жиналған материалды іріктеп, ойда әбден қорытып, сұрыптап, айтар ойына қарай іріктеген. Жиналған деректерді екшеуінің бір көрінісі ретінде жазушының Мемлекеттік мұрағаттан табылған жазбаларының арасындағы

«Оянған өлкеге» байланысты жасаған жоспарын атаға болады. Жазушының шығарманың көтерер жүгі, ондағы түрлі образдар жүйесінің алар орны, романда қамтылар тарихи оқиғалар кезеңін айқындауы осы жоспарда байқалады.

«Оянған өлкенің» жазылуына ұлттық әдебиетіміздегі көркемдік жетістіктермен қатар, Ғ.Мүсіреповтің өзінің төл туындыларының игі ықпалы болды. Түрлі бағытта очерктер, повестер, «Қазақ солдаты» тәрізді роман жазып, қалам ұштаған суреткер «Оянған өлкеге» үлкен дайындықпен келді.

Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық дақдысындағы өзге қаламгерлерге көп ұқсай бермейтін бір өзгеше қырлары діттеген тақырыбын бірден жазып тастауға асықпай, жазар шығармасының құрылымын, кейіпкерлерінің көтерер жүгі жайында көп толғанып барып қолына қалам алуымен қатар, қандай да болсын шығармасы сәтті шыққанымен, оған көңілі толмай өзінің ізденімпаз қалпын жазғанын шындай, өндей беруге арнайытындығы.

Жазушының пайдаланған дерек көздері ретінде тарихи еңбектер, архивтік деректер, ел аузындағы әңгімелер, өз өмірінің материалдары, сүнделігіндегі кейбір деректер деп жинақтап көрсетуімізге болады. Жалпы өмір дерегін қолдану ерекшелігі алуан түрлі бірде суреткер мәліметтерді еш өзгеріссіз тұтас күйінде, енді бірде шығарма идеясына, кейіпкерлердің көтерер жүгіне қатысты көркемдік қиялға еркіндік береді. Көбіне бұл өмір материалдары жазушы ой-елегінен өткенде жаңа көркем мазмұнға ие болатындығын байқаймыз. Әсіресе тарихи мәліметтерді пайдалануда жазушының тарихи дерекке деген үлкен жауапкершілігін аның аңғарамыз.

Тарихи деректерді көркем өңдеу автордың алдына қойған мақсатына орай жүзеге асырылсады. Көп ретте жазушы романның айтар идеясын жеткізуде осы тарихи мәліметтерді дәлме-дәл өзгеріссіз келтіреді. Әр түрлі

мәлімет көздерін бірдей пайдаланатын тұстары да бар. Бірақ осылардың барлығында да жазушының деректердегі болмашы детальларға үлкен ой түйіп, бүтіндей эпизодтарға айналдыруы жазушылық шеберлігін дәлелдей түсетін тұстары. Мұның өзі суреттелер дәуірдің өз шындығына сай нанымды суреттеудегі жазушының шығарманың қуатын арттырудағы үлесі екендігі байқалады.

Роман кейіпкерлерінің прототиптері де жазушының өмір материалын пайдалану ерекшелігі ретінде көрінеді. Мұндағы кейіпкерлердің көпшілігі шынайы өмірден алынған, яғни романдағы Игілік, Жұман, Байжан, Ушаков, Рязанов, сондай-ақ шетелдік кәсіпкерлердің барлығы дерлік тарихта болған адамлар және олар шығармада өз есімдерімен аталады. Осындай нақты өмірден алынған тарихи тұлғалардың көркем бейнеге айналу процесіне үңілсек, Ғ.Мүсіреповтің олардың өмір белестерін, іс-әрекеттерін жан-жақты зерттеп, ой елегінен өткізіп, өзінің идеялық мақсатына сәйкес шығармашылықпен игергендігін аңғарамыз. Бұл тікелей шынайы шындықты жинақтау, типтендіру тәсілдері арқылы меңгерген жазушының шеберлік қырларымен ұштасады.

Романның жазылу тарихына қатысты тағы бір қыры – шығарманың жазушы тарапынан өңдеу жұмыстарының нәтижесі болып табылмақ. Бұл ретте, «Оянған өлке» романының 1952 жылы «Қарағанды» деген атпен басылып шыққан журналдық нұсқамен, сондай-ақ «Жат қолынданың» қолжазбасын роман-диалогиясының жеке кітап болып басылып шыққан толық нұсқаларымен өзара салыстыру нәтижесінде романның көптеген өзгерістерге ұшырағандығына көз жеткізуге болады.

Міне осындай түзету, толықтырулар кейде шығарманың айтар идеясымен байланысты болса, кейде тұтас бітімді композициялық ерекшелігіне қатысты болып келеді. Кейде жазушының романның кейбір

тұстарын қысқартқан жерлері де кездеседі. Бұлардың барлығы да жазушының көркемдік биіктерге жетудегі ізденісі ретінде танысақ, Ғ.Мүсіреповтің «Жат қолынданың» идеялық-көркемдік тұтастығын арттыруда түрлі бағыттағы түзетулер енгізгенін атау орынды көрінбек. Мұндай жазушы тарапынан жасалынған өзгерістер қатарында жекелеген кейіпкер болмыс бітімін жан-жақты ашуда қолданылған түрлі толықтырулар, қысқартулар да бар. Сонымен осындай толықтырулар негізінде роман-дилогияның айтар ойы айқындалып, мазмұны тереңдей түскендігі анық.

Бұлардың бәрі де жазушының өзіне тым қатал талап қоя отыра, шығармашылық зор жауапкершілікпен қарағандығын көрсетеді. Бойдағы бар ізденімпаз қалпын жазғанын шындай беруге жұмсаған.

Ғ.Мүсіреповтің көркем өнердегі өрісті, өркенді қадамы ретінде танылған шығармасы «Оянған өлке», «Жат қолында» роман-дилогиясының жазылу тарихынан сыр тарту – көп құпиялы қаламгер сырын аша түспек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. –Алматы: Білім, 1995, 288-б.
2. Мүсірепов Ғ. Әдебиет – кәсіп емес, өнер. –Алматы: Жалын, 1987, 121-б.
3. Әдібаев Х. Талант, талғам, таадыр. Монография. –Алматы: Жазушы, 1971, 256-б.
4. Омаров І. Әдеби толғамдар. –Алматы: Жазушы, 1981, 80-б.
5. Ысмаәулов Ж. Оянған өлкені қайта оқығанда // Қазақ әдебиеті, 2002, 22-наурыз.
6. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты 209-қор, 1-тізбе, 175-іс, 52-парақ.
7. Елеукенов Ш. Ғабит сөзі – бүгін де көсемсөз // Егеменді Қазақстан, 2002, 30-наурыз.
8. Ерманов Ж. Әнуар мен Олжасты орыс әдебиеті қашан төріне шығарып еді? // Қазақ әдебиеті, 2001, 1-маусым.
9. Пиксанов Н.К. Творческая история «Горе от ума». –Москва, 1971.
10. Мақпыров С. Ботакөз романының жазылу тарихы. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1994, 89-бет.
11. Мүсірепов Ғ. Ой сезім суреттері. Құрастырған Ч.Дәуітұлы. –Алматы: Жалын, 1995, 41-б.
12. ҚР ОММ 1864-қор, 1-тізбе, 6-іс, 640-парақ.
13. Нұрғалиев Р. Жал құйрығын сүзген жүйріктер // Жалын, 1985.
14. Мүсірепов Ғ. Қысқаша өмірбаяным // Қазақ әдебиеті, 1992, 20-наурыз.

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....

Кіріспе.....

I Тарау. Романдағы өмір материалы және көркем сурет.....

II Тарау. Романдағы тарихи дерек пен шындықты

суреттеудегі жазушы шеберлігі.....

1.Әдебиеттегі өндіріс тақырыбы.....

2. Оянған өлке байлығының жат қолында болуы және саналы жұмысшы табының қалыптасуы.....

III Тарау. Көркем бейне және кейіпкер прототиптері.....

Қорытынды.....

Пайдаланған әдебиеттер.....